

Әділетті Қазақстан

Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



ӨРКЕНИЕТКЕ ҰМТЫЛУ

5

РАМАЗАН – 2023



ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

21

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«СӘУІР» АМАЛЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

20.04.2023

Түнде:



0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11 +13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

21.04.2023

Түнде:



+1 +3 жер бетінде 1 градус үсік °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8 +10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №50 (6343) 20 сәуір, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCXz3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

АҚОРДА

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ – стратегиялық міндет



Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді

Президент әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алу қажеттігіне маңыз берді. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Басқосуға мәслихаттардың өкілдері қатысып отырғанының өзі нақты саяси өзгерістердің нышаны ретінде аталды. Атқарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды. Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыруы керек. Мұның бәрі мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға, ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» концепциясы нақты жұмыс істей бастады. Саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашып берді.

2

ТУРИЗМ

АЛМАТЫ – АБСОЛЮТТІ КӨШБАСШЫ

Шаһарда «Туризм және саяхат» атты KITF-2023 халықаралық көрмесі ұйымдастырылды



Алматыда қазақстандық «Туризм және саяхат» атты KITF-2023 халықаралық көрмесі ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шараға әлемнің 22 елінен 258 компания қатысты. Экспозицияда Әзербайжан, Вьетнам, Грузия, Хорватия, Иордания, Италия, Малайзия, Мальдив аралдары, Жапония және т.б. мемлекеттерінің стендтері қойылды.

12

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиевті қабылдады.
- Президент бірқатар елшілерді тағайындады.
- Сенатта судьялар корпусының біліктілігі мен сот төрелігін іске асырудың өзекті мәселелері талқыланды.
- 2023 жылы Қазақстанда 170 жаңа өнеркәсіптік жоба іске қосылады.
- Шетелдердегі қандастарды елге тарту үшін «Ата жолы» картасы іске қосылуда.
- Елімізде бизнесті реттеудің жаңа саясаты енгізілуде.
- Қазақстанда көші-қонды бақылау тетіктері пысықталды.
- Алматыда жалпықалалық сейсмикалық оқу-жаттығу өтеді.
- Биыл заңнамадан бизнес үшін 10 мың керексіз талаптар алынып тасталады.
- Колледждерде кәсіпорындар тапсырысы бойынша 10 мыңнан астам маман даярланатын болады.
- Алматыда 6-7 маусымда Құран Кәрімді жатқа оқудан III республикалық байқау өтеді.
- Енді аншы куәлігін eGov mobile қосымшасы арқылы рәсімдеуге болады.
- Студенттер мен магистранттардың шәкірттақысы өседі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:



■ ПРЕЗИДЕНТ

Президент Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің Бас директоры Рафаэль Гроссиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және ядролық қауіпсіздік режимін нығайту мәселелерінде Агенттіктің маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Кездесу барысында техникалық саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және елімізде АЭС салуға қатысты ауқымды мәселелер талқыланды. Рафаэль Гросси ядролық қарудан бас тарту және оны таратпау үдерісі көшбасшыларының бірі әрі жауапты жақтаушысы ретінде Қазақстанның рөлін жоғары бағалады.

CEHAT

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары алдында жауапты министрліктер мен мекемелердің басшылығы әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мәселелері туралы есеп береді.

Сенаторлар бұдан бұрын әскери саладағы күрделі мәселелер туралы депутаттық сауал жолдаған болатын. Көтерілген өзекті мәселелер әскери есепке қою және одан шығару процестерін цифрландыруға, психологтардың тапшылығына, әскерге шақыру пункттерін жарактандыру деңгейінің төмендігіне және Қарулы Күштердегі сержанттық және қатардағы әскери қызметшілердің жалақысын арттыруға қатысты болды. «Әскери борышын өтеген азаматтарға әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді, келесікте жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету маңызды», – деп атап өтті комитет төрағасы Асқар Шәкіров.

■ **МӘЖІЛІС**

Ерлан Қошанов «Шеврон» корпорациясының Еуразиялық бөлімшесінің Басқарушы директоры Дерек Мағнестіі қабылдады. Тараптар компания жұмысындағы отандық үлесті арттыру және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде пікір алмасты.

Мәжіліс спикері «Шеврон» компаниясына бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда, атмосфераға тартайтын зиянды қалдықтарды азайту, мұнай химиясын дамыту, мұнай мен газ өңдеуді күшейту. «Қазақстандық үлесті арттыруға баса назар аударып, жергілікті өнімді сатып алу маңызды. Жергілікті сервистік компанияларды тарту керек. Біздің елімізде дамыған және бәсекеге қабілетті бизнес бар. Олар озық халықаралық стандарттар деңгейінде жұмыс істей алады. Бүгінде бұл бағытта біраз жұмыс атқарылып жатыр. Дегенмен, ауқымды резервтер бар. Бұдан барлық тарап ұтылмайды деп ойлаймын», – деді Мәжіліс спикері. Бұдан бөлек, қазақстандық жұмысшыларға лайықты жағдай жасап, әділ еңбекақы төлеу, вахта мерзімін қысқарту, жергілікті қадрларды даярлауды күшейту мәселесі де кеңінен қозғалды. Шетелдің беделді оқу орындарында білім алып, трансұлттық компанияларда тәжірибе жинақтаған жергілікті мамандарға шетелдік зріптестермен бірдей жалақы төлеп, оларға сенім арту мәселесі псыықталды. Мәжіліс Төрағасы «Шеврон» компаниясының басшылығын жергілікті тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге және аймақты дамытуға белсене атсалысуға шақырды. Өз кезегінде, Дерек Мағнес компанияның ең басты ресурсы адам екенін атап өтті. Ол жергілікті қадрларды дамытуға инвестиция салуға, сондай-ақ компания орналасқан осы аймақтың дамуына қолдау көрсетуге дайын екендігін айтып, компанияның депутаттар тарапынан айтылған барлық ұсыныстарға мұқият қарайтынын жеткізді.

YKIMET

Қазақстанда NEET санатындағы кәсіптік білімі жоқ және жұмыссыз жүрген жастарды қолдау күшейтіледі. Оларға жұмысқа орналастыру бойынша белсенді көмек көрсетіліп, өзге де қолдау шаралары қолға алынады. Үкімет мемлекеттік жастар саясатын күшейту аясында тиісті құрылым қабылдады.

Құжат «білімі жоқ және жұмыссыз» жастармен (NEET санаты) нақты жұмыс жүргізетін бірқатар орталық мемлекеттік органның құзыретін айқындайды. Осылайша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне уақытша жұмыссыз қалған жастардың жұмысқа орналасуына көмектесу, сондай-ақ жастарды жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстын орындаудын бақылау жүктелді. Ал Мәдениет және спорт министрлігі жастардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған мәдени және т.б. іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Қаулыда жастармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктілік сипаттамасын, жастар еңбек жасақтарын құру ережелерін, сондай-ақ жастарды дамыту индексын енгізу қағидаларын бекітуге мүмкіндіктер жасалған.

■ МИНИСТРЛІК

Алматыда ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросымен бірлесіп Орталық Азия елдерінде дәрілік қамтамасыз ету саласындағы ұлттық саясат шараларын күшейту жолдарына арналған субөңірлік саяси диалог өтіп жатыр, деп хабарлады ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Кеңеске қатысушылар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қолжетімділікті жақсарту; аса құнды дәрілік заттарды анықтау және сатып алудың ұтымдылығын арттыру; дәрі-дәрмектерге бағаны белгілеу және оларды сатып алу және т.б. байланысты проблемаларды нәсеру мәселелерін карауға ниетті. Қазіргі уақытта Қазақстанда Бірыңғай дистрибьютор жүйесі енгізіліп, ірі фармацевтикалық компаниялармен дәрілік заттарды жеткізуге ұзақ мерзімді шарттар қамалған.

■ «ПАРЫЗ-2023»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауының басталғанын хабарлады.

Байқау халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға және арттыруға бағытталған. Ол екі кезеңнен (өңірлік және республикалық) тұрады. Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері 4 аталым («Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт», «Экологияға қосқан үлесі үшін») бойынша өзара үздікті анықтайды. Сондай-ақ, байқау аясында «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы табысталады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).



АҚОРДА

ЭКОНОМИКАНЫ

стратегиялық



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы
еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері
жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді

Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік

Мемлекет басшысы өз сөзінде саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы жүйелі әртарапандыру – стратегиялық міндет. Нарыққа қатысушылардың бәрі батыл әрі шұғыл шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдері айрықша рөл атқарады. «Табысты осы жерден тауып, шетелде шашу» әдетінен арылу керек. Ессесіне, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байып-

ты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арыту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

«Ірі кәсіпкерлер Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсаған абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элитаға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады. Бізге «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керек. Мемлекеттің ресурсына арқа сүйемей, жүйеңдағы дарыны мен іскерлігі арқылы тұрақты әрі мықты кәсіп құра білген «тың күштер» қажет. Негізі, әр аймақта сондай кәсіпкерлер бар. Міне, осы азаматтар нағыз қолдауға лайық. Олардың ісін елге танытып, кәсібин мемлекеттік деңгейге шығарған абзал. Сонымен қатар, оларды бюрократтар мен күштік құрылымдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау қажет. Мен өзім де осындай кәсіпкерлерді ара-тұра қабылдап, қолдау көрсетіп жүрмін. Ірі және орта бизнес саласында жүйелі жұмыс жүргізу керек. Осы екі бағыт экономикалық саясаттың аса маңызды жаңа бағдарына айналуға тиіс», – деген Мемлекет басшысы алдағы жұмыстың нақты сегіз бағдарына тоқталды.

Бірінші: бюджет қаражаты тиімді жұмсалуға тиіс

«Агроөнеркәсіп кешенінің дамытуға бөлінетін бюджет қаражаты тиімді жұмсалуда тиіс. Мұны мұқият қадағалау қажет. 2019–2021 жылдары өнім өңдеуге берілген субсидияны алайық. Бұл

қаражаттың тең жартысы субсидия алам деушілердің 10 пайызының ғана қолына тиген. Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқық өмір сүрген. Ал қарапайым шаруалар үшін субсидия алу – қияметтің қиыны. Оның үстіне, субсидия беру жүйесі өте күрделі және қажетті мәлімет көпшілікке қолжетімді емес. Субсидия бөледі реттейтін жаңа цифрлық жүйе бұл түйткілді шеше алмай тұр. Әрине, біршама жұмыс атқарылды. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл бағыттағы жұмысты аяғына дейін жеткізу керек. Бұл – мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі үшін зор мүмкіндік. Агроөнеркәсіп кешеніне қатысты мәселенің бәрі басқа салаларға да қатысты екенін ұмытпаған жөн. Тағы да қайталап айтамын. Жоғары өнім алуды қамтамасыз ету керек. Ашық бәсекелестік болуға тиіс. Бір сөзбен айтқанда, осы саладағы басты түйткілдерді дереу шешу керек. Сонда ғана бағаның күрт өсімін тежеуге мүмкіндік туады».

Екінші: несиені тиімді жобаларға беру керек

«Инфляция өскен сайын халықтың нақты табысы құнсызданып жатыр. Жұрттың табысын әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың да шегі бар. Біз осы шекке жеткен сияқтымыз. Бұған қоса тұтыну несиелерінің көлемі артып барады. Бұл әрекет – инфляция кезінде жан бағудың амалы. Бірақ мұндай ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болуы мүмкін. Тіпті, банкроттер өзіне кәуіп төндіруі ықтимал.

Несиені, ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни тиімді жобаларға беру керек. Сонда жа- лақысы жоғары жұмыс орындары



ӘРТАРАПТАНДЫРУ – міндет



пайда болады. Жұрттың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы артады. Бір сөзбен айтсақ, азаматтардың табысын көбейтуге мүмкіндік туады».

Үшінші: макроэкономикалық саясатты өте байыпты жүргізу

«Бюджет тапшылығын, мемлекет қарызын, Ұлттық қордан аударылатын трансфертті және басқа да макроқорсеткіштерді реттеу қажет. Иә, экономикамыз өсіп жатыр. Бірақ салық түсімдерінің ішкі жалпы өнімге қатысты өсу қарқыны – тұрақсыз. Кейбір мамандар «Салық жеңілдіктері өте көп болған соң, түсім азайып жатыр» дейді. Бұдан басқа да себептер айтылады. Жалпы, соңғы бес жылда бюджетке 30 триллион теңге кем түскен. Әрине, бұл цифрдың дұрыс-бұрыстығын тексеру қажет. Талай жылдан бері жалғасып келе жатқан осы мәселені түпкілікті шешетін уақыт жетті.

Қазір жаңа Бюджет кодексі дайындалып жатыр. Осы ретте бюджет ережелеріне және оны мүлтіксіз сақтау қажеттігіне назар аударғым келеді. Мұндағы ең басты қағида – көрпеге қарай көсілу. Ұлттық қорға жармаса беруді доғару қажет».

Төртінші: экономиканы монополиядан арылту

«Экономиканы монополиядан арылту – маңызды міндет. Бұл бағытта нақты жұмыс басталды. Нәтижесі қазірдің өзінде жаман емес. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Елімізде мекемеаралық комиссиялар құрылды. Олардың алдына нақты міндеттер қойылды. Осыған орай заңсыз шығарылған активтерді қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру, адал бәсекелестікке жағдай жасау керек. Мұның бәрі – уақытша міндет емес. Керісінше, бұлар – жаңа экономикалық саясаттың басты қағида-татары.

Қазір заңсыз шығарылған

активтерді мемлекетке қайтару жұмысы жандана түсті. Қайтарылған активтер мен мүліктер қолды болып кетпеуі керек. Барлық қаражат толығымен экономиканы дамытуға жұмсалуды қажет. Осы орайда қаржыны қайтарып, елімізді өркендетуге атсалысқысы келетін азаматтарға мынаны айтқым келеді. Жаңа индустриялық жобаларға қаржы салыңыздар. Қазақстанда жаңа өндірістер ашып, жаңа жұмыс орындарын құрыңыздар. Сонда мұндай активтерге және оның иелеріне қатысты ешқандай мәселе туындамайды. Тағы да қайталап айтамын. Біз адал әрі ашық жұмыс істейтін бизнес өкілдеріне барлық жағдайды жасаймыз».

Бесінші: коммуналдық инфрақұрылымды түбегейлі қайта құру

«Инфрақұрылымды, бірінші кезекте коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты түбегейлі қайта құру қажет. Тарифті өсіруден түскен қосымша қаржы тек қана коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалуды керек. Сондай-ақ, жаңа қуат көздерін іске қосуға және жұмысшылардың жалақысын көтеруге бағытталуы қажет.

Үкіметке қаржының жұмсалуды бақылайтын қатаң амал-тәсілдер енгізуді тапсырамын. Оған цифрлық бақылау жүйесін де енгізу керек. Жұрт коммуналдық қызмет үшін төлеген ақшасы қайда кетіп жатқанын көріп отыруға тиіс. Қазіргі заманғы ақпараттық технология бұған толық мүмкіндік береді. Жанар-жағармайдың бағасын көтеру мәселесіне де дәл осылай қараған жөн. Түскен қаржыны делдалдар, яғни алыпсатарлар иемденіп кетпеуі қажет. Оны жаңа мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруға және мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға жұмсау керек.

«Судың да сұрауы бар». Оны неғұрлым көп тұтынсаң, соғұрлым көп ақша төлейсің. Бұл – жұртты үнемшіл болуға үйре-

тетін әділетті және қарапайым ұстаным. Суды үнемдеп тұтынуымыз керек. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Су ресурстарын басқарудың бірыңғай ақпараттық-сараптама-лық жүйесін жасау керек. Тағы бір маңызды мәселе – қалаларды абаттандыру. Бұл мәселемен барлық деңгейдегі әкімдер айналысуы тиіс. Жалпы, мұқият зерделенген, жан-жақты тұжырымдалған инфрақұрылымдық саясат қажет».

Алтыншы: Үкімет үшін аса маңызды міндеттер

«Ұлттың дені сау және сауатты болуы – өте маңызды мәселе. Осыны ескермесек, экономиканы реформалау бос әурешілік болады. Бұл – мемлекеттің міндеті. Ең алдымен, адамдарға сапалы медицина қолжетімді болуы қажет. Денсаулық сақтау жүйесінде шешімін таппаған мәселе өте көп. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі осы саланы дамытуға тың серпін береді деп үміттенеміз. Алайда, бұл жүйедегі қаржы айналымына бақылау жасалмайды.

Қазіргі заманда дамудың басты кілті – білім. Біз заман талабына барынша бейім, сондай-ақ жарқын болашақты өз қолымен қалайтын жасампаз ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. PISA халықаралық зерттеуіне қарасақ, еліміз соңғы 10 жылда орта білім сапасы бойынша 80 елдің ішінде елуінші-алпысыншы орыннан көтерілген жоқ. Демек, жағдайымыз мез емес. Басты түйткілдің бірі – балалардың білімін біржақты бағалау. Елімізде білімнің сапасына емес, көрсеткіштің жоғары болуына баса мән беріледі. Оқушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуден алған бағасы мен мектептегі бағасы екі түрлі. Айырмашылық 30 пайыз немесе одан да көп болуы мүмкін. Сондай-ақ, осындай алшақтық халықаралық және ұлттық бағалау кезінде байқалады. Ашығын айтсақ, мұның бәрі жаппай белең

алған көзбояушылықтың кесірінен болып отыр. Өзінді-өзің алдау жарға жығады. Жалпы, жас ұрпақ білімді болмаса, елдің өсіп-өркендеуі жайлы сөз қозғаудың өзі артық. Бүгінгі білімді жастар ертең Қазақстанды алға жетелейтін мамандарға, кәсіпкерлерге, басшыларға айналады. Сондықтан мен білім мәселесіне ерекше мән беремін.

Тағы бір назар аударатын мәселе – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр. Тіпті, ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек. Әйелдер мен балалардың құқығын қорғау шараларын заңмен күшейту керек. Отбасы құндылықтарын дәріптеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн. Азаматтарымыз еркін жүріп-тұратын қауіпсіз қоғам құруымыз қажет. Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін аса маңызды міндет».

Жетінші: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру

«Ауылдық өңірлерде табыс пен тұрмыс сапасын арттыру мәселелерін ерекше бақылауда ұстау қажет. Үкімет ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірледі. Әкімдер оны тиімді іске асыру үшін нақты шаралар қабылдауы тиіс.

Әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жолдарды жөндеу арқылы ауылдың тұрмыс сапасын жақсарту – әкімдердің басты міндеті. Ауыл тұрғындары таза сумен және тұ-

рақты электр қуатымен толық қамтамасыз етілуге тиіс. Сондай-ақ, мобильді байланыс және интернет қолжетімді болуы керек. Елге қаппаған статистика емес, нақты нәтиже, жылдам интернет, сапалы байланыс керек».

Сегізінші: мемлекеттік басқаруды түбегейлі жетілдіру

«Жоғарыда аталған барлық мәселелерді тиімді шешу мемлекеттік басқаруды түбегейлі жетілдіруге мүмкін емес. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін кезең-кезеңімен орталықсыздандыру басталды. Үкіметтің 500-ге жуық қызметі министрліктерге берілді. Біз министрліктерден әкімдіктерге функцияларды беруді көздейтін әкімшілік реформаның екінші кезеңіне кірістік. Шешімдер адамдарға және олардың сұраныстарына жақын жерде қабылдануы керек. Бірақ орталықсыздандыру тек әкімдіктерге жауапкершілікті ысыра салумен шектелмеуі керек. Жергілікті билікті қажетті кадрлық және қаржылық ресурстармен де қамтамасыз еткен жөн. Өкілеттіктерін кеңейте отырып, саяси қызметшілердің жетекшілік ететін салаларды дамытуға және олар қабылдайтын шешімдерге дербес жауапкершілігін пропорционалды түрде арттыру қажет.

Бұл – Парламент пен Үкіметтің өзара бірлескен жұмысына да қатысты мәселе. Парламент депутаттарының ой-пікірі атқарушы билікті беталды сынның астына алуды ғана көздемеуге тиіс. Үкіметтің де, Парламенттің де мақсаты – бір. Бұл – халықтың қамы және елдің мүддесі. Алдағы екі жылда пилоттық жоба ретінде аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Осы орайда қажетті нормативтік базаны және жол картасын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын жыл сайын бағалау жүйесін енгізу керек. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату айрықша маңызды.

Елімізде заң мен тәртіп қатаң сақталуы қажет. Заң үстемдігі болмаса, тұрақтылық та болмайды. Ал тұрақтылық жоқ жерде ешқандай даму да болмайды. Сондықтан азаматтарымыз заңға бағынуы керек, ал құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуға тиіс. Қоғамның қауіпсіздігін және тұрақтылығын сақтау – мемлекеттің басты міндеті».

Алқалы жиынға Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КЕПТЕЛІС БОЛМАУ
ҮШІНавтобус жолағы арқылы өтуге
рұқсат етіледі

Биылғы жылдың 19 сәуірінен бастап жүргізушілерге Райымбек даңғылымен Саин көшесінен Яссауи көшесіне дейін жұмыс күндері сағат 20.00-ден 06.30-ға дейін жол учаскесінде қоғамдық көлік үшін бөлінген жолақтар бойынша жол жүруге рұқсат етіледі. Ал демалыс және мереке күндері осы учаскеде барлық автомобильдерге уақыт шектеуінісіз жол жүре алады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Көлік қозғалысына осы жаңалықтың енгізілуі қала ішіндегі автомобиль легін тиімді құру үшін, сондай-ақ «қарбалас шақта» және демалыс күндері арнайы бөлінген автобус жолақтарын пайдалану мәселесін шешу үшін тестілік режимде енгізілетін болады.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамандарының айтуынша, бөлінген жолақтар бойынша көлік құралдарының қозғалысын өзгерту 2023 жылдың соңына дейін күшінде болады. Содан соң салыстырмалы деректер негізінде көлік легін ұйымдастыру туралы шешім қабылданады. Жүргізушілер белгіленген жол белгілерін басшылыққа алып, ҚР Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтаулары тиіс.

Еске салсақ, бұл шара пилоттық жобаның екінші кезеңі болып табылады. 2022 жылдың наурызында қоғамдық көлікке бөлінген жолақтар бойынша жол қозғалысын ұйымдастырудың қолданыстағы сызбасына өзгеріс енгізілді.

БРИФИНГ

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығының мамандары ЭКУ (ЭКО) квоталары, мемлекеттік бағдарламалар және адам репродукциясы туралы айтты. Мұндай квоталар Президент тапсырмасымен іске қосылған «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы бойынша кейінгі жылдары көптеп бөлінуде.

«Қазақстан бойынша жыл сайын 7 мың квота қарастырылып, олар аймақтарға сәйкес бөлінген. Қаламыздың ірі мегаполис екенін ескерсек, ең көп квота Алматыға, сондай-ақ Астана қаласына бөлінген», – дейді Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы ЭКУ бөлімінің меңгерушісі Радха Арипова.

Спикердің айтуынша, елімізде бар болғаны 30 ЭКУ клиникасы болса, оның 19-ы МӨМС жүйесіне қатысады. Былтыр МӨМС аясында 210 бағдарлама, 2021 жылы 133 бағдарлама жүзеге асырылған. Ал биылғы бірінші жартыжылдықта тек Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығының өзі 125 ЭКУ бағдарламасын алған.

«Бүгінгі күні 210 әйелде нәтиже белгілі. Оның ішінде 63 әйелдің жүкті екені анықталды. Тиімділік 30 пайызды құрады», – деді Р.Арипова.

ЭКУ бағдарламасына қатысатын

«АҢСАҒАН СӘБИ»

ең көп квота Алматыға бөлінген



пациенттердің жас санаты: 29 жасқа дейінгі жандар – 22%, 30–39 жас – 68%, 40-тан жоғарылар – 10%.

Бедеулік диагнозы қойылған және бір жыл бойы емделген, сондай-ақ оларда жатыр түтіктері мүлдем бітелген, созылмалы инфекциялар немесе жатыр түтіктерін алу операциялары сияқты белгілері бар ерлі-зайыптылар ЭКУ жасатуға құқылы. Сонымен қатар, андрологтар көрсеткендей, ерлер факторымен байланысты проблемалар болса да ЭКУ процедурасын жасата алады. Эндокриндік факторлары бар және артық салмақ салдарынан овуляция болмаған әйелдер де ЭКУ-ға құқылы. Мамандардың айтуынша, 40 жас-тан асқан науқастардың контингенті әлі күнге тұрақты болып отыр.

Ал өз кезегінде ЭКУ бөлімінің репродуктолог маманы Эльвира Сарманова аталған процедура төңірегінде ел ішінде әлі де қате түсініктер бар екенін айтып, олардың көпшілігін жоққа шығарды. Солардың ішінде ең жиі кездесетіні – «ЭКУ арқылы туған балалардың денсаулығында ақау болады» деген ой-пікір.

«Қосымша репродуктивті тех-

нологиялар дүние жүзінде 40 жылдан бері қолданылып келеді. Осы уақыт ішінде әлемде 100 мыңнан астам дені сау бала дүниеге келген. Бұл балалар медициналық ұйымдардың тұрақты бақылауында. Жүргізілген зерттеулердің ешқайсысы ЭКУ арқылы туған балалар мен табиғи жолмен туған балалардың денсаулығында айырмашылық бар екенін дәлелдей алмады», – деді Э.Сарманова. Сондай-ақ, «ЭКУ жолымен өмірге келген балалар көбінесе бедеу болып келеді», «ЭКУ-дан кейінгі босану кезінде тек кесарь тілігі жасалады», «бедеулік тек әйелдерде анықталады», «ЭКУ аналық бездердің жұмысын төмендетеді, жұмыртқалардың санын азайтады», «ЭКУ бағдарламасынан кейін қатерлі ісіктің даму қаупі жоғары» деген қауесеттер де негізсіз деп отыр мамандар.

Тақырыпқа орай айта кетсек, ЭКУ процедурасын алу үшін алдымен тұрғылықты жері бойынша гинекологпен кеңесіп, тиісті жолдама алу керек. «Аңсаған сәби» квотасына бедеулік диагнозы қойылған жағдайда ғана қол жеткізе аласыз.

БАЙЛАНЫС САПАСЫ

РАДИОФОБИЯ

интернет байланыстың дамуына кедергі

Радиофобия – әлемде 5G желісінің дамуын тежеп отырған басты кедергі. Бұл мәселе біздің елде де бар. Байланыс станцияларын зиян санайтын қазақстандықтардың шағымы бойынша жыл сайын елімізде базалық станциялардың 1/5 бөлігі бұзылады.

Радиофобия – бұл адамдардың электромагниттік сәулелерден, әсіресе, электр желісіне қатысты құралдардан қорқуы. Еліміздің азаматтары арасында байланыс станцияларының электромагниттік қаупі бар деген қорқыныш жиі тараған. Бұл мәселе әсіресе, пандемиядан кейін ушыға түскен.

Сондықтан радиофобия мәселесіне отандық зерттеушілер де алаңдаушылық білдіріп отыр. Экономикалық зерттеулер институты Қазақстан болашағына әсер ететін және алдағы уақытта шешімін табуы қажет маңызды мәселелердің топтамасын жасап, оның ішінде қазақстандықтар арасындағы радиофобия мәселесіне де назар аударған.

Экономикалық зерттеулер институты мәліметінше, Қазақстан 2023 жылдың қаңтар айында интернет жылдамдығы рейтингінде 138 мемлекеттің ішінде 91-ші орында тұр. Бұл мәселеге ішінара тұрғындардың кінәсі бар екенін айтылады. Қазақстандағы базалық станциялардың 1/5 бөлігі тұрғындардың радиофобиясына байланысты қайта бұзылады екен. Мысалы, байланыс операторларының бірі 2022 жылы бүкіл ел бойынша 340 станцияны қайта бұзуға мәжбүр болған.

«Осы жылға қойылатын мақсаттардың бірі – байланыс сапасын арттырумен қатар халықтың мәдениеті мен білімін арттыру арқылы радиофобиямен

күресу», – деп атап өтілді Экономикалық зерттеулер институтында.

Ал Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин отандастарымыздың арасындағы радиофобия интернет байланыстың жақсаруына теріс әсер етіп отырғанын айтқан:

«Біз үйдегі 99 тұрғынды тыңдап, байланыс сапасын қамтамасыз етуіміз керек пе, әлде радиофобиясы бар бір тұрғынды тыңдауымыз керек пе? Базалық станция оның денсаулығына зиян келтіреді деп ойлайды. Оның отбасында біреу қатерлі ісікке шалдыққан, себебін содан көреді. Сондықтан базалық станцияны бір жерден алып тастап, екінші жерге орналастырып отыруға мәжбүрміз. Әрине, бұл – нәтижесіз жұмыс», – деп министр сұхбаттарының бірінде атап өткен.

Барлық айтылған деректерді түйіндей отырып радиофобия мәселесінің елімізде өзекті болып тұрғанын айта аламыз. Сондықтан бұл сұрақты жылдам әрі тиімді шешу үшін Экономикалық зерттеулер институты жариялаған ұсыныстарды біз де алға тартамыз. Бүгінгі ақпарат ғасырында жалған қауесетке сеніп, еліміздің болашағына балта шабуға болмайды. Өзге мемлекеттермен тереземіз тең болып, цифрлық-технологиялық салада бәсекеге түсе алуымыз үшін дамуымыз қажет.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

БАСҚОСУ

Нарықтағы бәсекелестік –
басты назарда

Алматыда Еуразиялық экономикалық комиссия ЕАЭО-дағы бухгалтерлік және аудиторлық қызметтер нарықтарындағы бәсекелестікті қорғау мәселелері бойынша бизнес-қоғамдастықпен диалог өткізді.

Досбол
АТАЖАН

Аталмыш басқосу Еуразиялық экономикалық комиссия мен бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби қоғамдастығының «ЕАЭО-дағы бухгалтерлік және аудиторлық қызметтер нарықтарын бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу» тақырыбында өрбіді.

Іс-шараға Еуразиялық экономикалық комиссияның Бәсекелестікті және монополияға қарсы реттеу алқасының мүшесі Бақыт Сұлтанов, «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» ЖАҚ төрағасы Сапар Қошқымбаев, ЕЭК монополияға қарсы реттеу департаментінің директоры Алексей Сушкевич және өзге мамандар мен кәсіпкерлер қатысты.

«Мемлекеттер арасындағы экономикалық интеграция жағдайында біз үшін нарықтағы бәсекелестік ережелерін сақтау өте маңызды. Тіпті, бұл мәселелер бірінші орынға шығады. Бәсекелестік ережелерінің болуы әрі сақталуы мемлекеттерімізде экономиканың тұрақты өсіміне тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, бұл мәселе Еуразиялық экономикалық одақтың басты міндеттерінің біріне кіреді. Бұл кездесу біз үшін осы салаға байланысты өзара тәжірибе алмасуға, бір-бірімізбен кері байланыс орнатуға үлкен мүмкіндік туғызып отыр», – деді ЕЭК Бәсекелестікті және монополияға



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

қарсы реттеу алқасының мүшесі Бақыт Сұлтанов.

ЕЭК өкілдері кәсіпкерлер мен бизнес-қауымдастықтардың бәсекелестік ережелерін бұзуды болдырмау мен оның алдын алуға, нарықтарда бәсекелестікке қарсы белгілер болған жағдайда монополияға қарсы қандай мекемеге, қандай тәртіппен жүгінуге болатыны туралы сұрақтарға жауап берді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы ЕЭК-тің монополияға қарсы блогы аяқтаған кәсіби бухгалтерлер мен аудиторларды сертификаттау және оқыту жөніндегі трансшекаралық қызметтер нарықтарындағы бәсекелестікті бұзу фактілері бойынша талқылау нысанасы болды. Тергеу нәтижелері бойынша ЕЭК алқасының шешімдерімен жосықсыз бәсекелестік үшін ЕАЭО мемлекеттері ішінде аталған қызметтерді көрсететін бірқатар шаруашылық жүргізуші субъектілерге айыппұл салынды.

Пікірталас барысында аудиторлық қызметтер көрсетуге арналған тендердегі кедергілер, зияткерлік меншік құқықтарын реттеу және тауар белгілерін тіркеу кезінде жосықсыз бәсекелестікке қарсы іс-қимыл практикасы, қызметтерді жарнамалау кезінде ақпараттың дұрыстығы сынды маңызды мәселелер талқыланды.



БАСПАСӨЗ-ТУРЫ

ӨРКЕНИЕТКЕ ҰМТЫЛУ

Алматылықтар мемлекеттік бағдарламалар арқылы үйлерін қалай жөндей алады?

Алматыда Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Онда журналистерге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын модернизациялау және қайта жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстар таныстырылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы Алматыда 350-ден астам лифт жаңарды

БАҚ өкілдерінің алғашқы барған нысаны – жарамдылық мерзімі өткен жеделсатысы ауыстырылған Шашкин көшесіндегі №9А тұрғын үй болды. Жалпы сомасы 8,7 миллион теңгеден асатын құрылғы 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы аясында жүзеге асқан.

Тоғыз қабатты үйдің тұрғындары пәтерлеріне қорықпай көтерілетін болдық дейді. Бұған дейін лифтері бірнеше рет бұзылып, тұрғындар жаяу көтеріліп келген. Бұл, әсіресе, зейнеткерлер мен балалы әйелдерге қиындық туғызатын. Енді міне, ұзақ жыл қызмет көрсеткен жеделсаты жаңасына алмас-тырылды.

«Шашкин, 9А» жай серіктестігінің сенімді өкілі Зульфия Аймурзаеваның айтуынша, 2021 жылы тұрғындармен ақылдаса отырып, ЖС атынан лифтіні ауыстыруға өтініш берген. Келесі жылы өтініштері орындалып, үйлеріне жап-жаңа жеделсаты орнатылыпты.

– Мен бұл үйде 2000 жылдан тұрамын. Ол кезде үйіміздің жеделсатысы сонау кеңес заманынан бері жұмыс істеп тұрған ескі лифт болатын. Жөндеуге арналған бөлшектері жоқ болған соң, несиін жасырайын, кейде онымен жүрудің өзі қауіпті. Кейіннен тұрғындармен ақылдаса келіп, барлығымыз бірауыздан оны ауыстыруға шешім қабылдадық. Сөйтіп, 2021 жылы біз әкімдік жанындағы «Тұрғын үй» ұйымына лифт ауыстыру бойынша өтініш бердік. Өткен жылы өтінішіміз мақұлданып, бүгінде міне, мынадай жап-жаңа заманауи үлгідегі лифтіге қол жеткіздік. Жеделсатыны орнататын мамандар жұмыстың екі аптадан аса уақытқа созылатынын ескергенімен, жұмыс тез аяқталды. Жедел әрі сапалы жұмысы үшін біз «Алматылифт» мамандарына алғыс айтамыз. Тұрғындар тарапынан да, лифт бойынша да еш шағымымыз жоқ. Өйткені, тұрғындар өздері тұратын жердегі әрбір мүлікті өз үйіндегі дүниеден өте күтіп ұстайды, – дейді З.Аймурзаева.

Бостандық ауданының «Алматылифт» учаскесінің басшысы Жанболат Тұрғын үй шаруашылығын жаңғырту бағдарламасының кереметін «Орбита-2» ықшамауданының тұрғындары да пайдаланыпты. Сапарғалидің айтуынша, қазіргі уақытта қаладағы тұрғын үйлердің көпшілігінде лифтер жаңартылған. Сол себепті, алматылықтардан жеделсатыларды ауыстыру бойынша өтініштер аз түседі.

– Қазір қалада көптеген үйлердегі лифтерді ауыстыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды пайдалануға аса үлкен ықпал танытпайтын тұрғындар қалды. Өткен 2022 жылы Алматы қаласы бойынша 350-ден астам лифт жаңарды. Бостандық ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 134 лифт ауыстырылды. Бізде құны 500 мыңнан 1 миллион теңге болатын сапасы жақсы, бағасы қолжетімді беларусь, түріктер мен жапондар шығарған лифтілер бар. Оларды тұрғындар өздері таңдайды. Бір лифтің қызмет ету мерзімі 25 жыл, кейін мерзімі аяқталған кезде біз оны ауыстыруға өтініш береміз, – дейді ол.

МИБ – өте тиімді

Пресс-тур барысында біз Пәтер иелері кооперативінен (ПИК) шығып, Мүлік иелері бірлестігін (МИБ) құрған «Орбита-2» ықшамауданындағы №11 үй тұрғындарымен кездестік. Тұрғындар басқарудың жаңа нысанына көшкендеріне еш өкінбейтіндерін, керісінше, дұрыс шешім қабылдағандарын айтып, жаңалықтарымен бөлісті.

– Үйімізді бұрын ПИК басқаратын. Бірақ оның жұмысына тұрғындардың көңілі толмайтын. Шағым көп, ашықтық аз болған соң белсенді жігіттердің атсалысуымен 2020 жылы МИБ болып қайта құрылуға шешім қабылдадық. Содан кейін өзіміз үйімізге қатысты маңызды деген мәселелерді шеше бастадық. Бұрын мына жердің барлығы топырағы аспанға көтеріліп, айналасы бетон плиталары үйіліп жатқан жер болған. Аулада тек иттерімен серуендейтін адамдар ғана жүретін. Кейін бұл жерге тұрғындар ортақ қаражат шығарып, өзіміз үшін жайлы етіп жасап шықтық. Сол қаражатымызға мынадай асфальт жол салдық, ағаштар



отырғыздық. Бізде содан кейін жылу мәселесі күрделі болатын. Бір миллион теңгеге жуық қаражатқа ескі элеваторларды ауыстырдық. Ол үшін біз мемлекеттік бағдарлама бойынша несие рәсімдедік. Қазір, міне, өздеріңіз де байқап тұрған шығарсыздар, ауламыз жайнап тұр. Үйіміз де жып-жылы. Бір мезгіл осында отырып үлкендер шахмат ойнаймыз. Балаларымыз мына жерде алаңсыз ойнайды. Егер өзімізге-өзіміз жағдай жасамасақ, бізге ешкім көмектеспейді. Сондықтан мемлекет не береді деп жатпай, өзіміз үшін жағдай жасайық. Дейтұрғанмен, үйімізде әлі де шешімін таппаған сұрақтар бар. Олардың барлығы кезең-кезеңімен шешіледі деп ойлаймыз. Айта кетерлігі, бұл жұмыстардың барлығы басқарудың жаңа нысанының тиімділігі деп білеміз. Сондықтан мен көптеген тұрғын үй иелеріне МИБ құрыңыздар, өз жағдайларыңызды түзеңіздер дегім келеді, – дейді №11 үйдің тұрғыны Жұмабек Алтыбаев ағамыз.

Әдемі әрі жайлы үй

Тұрғын үй шаруашылығын жаңғырту бағдарламасының кереметін «Орбита-2» ықшамауданының тұрғындары да пайдаланыпты. Өйткені, біз барған келесі нысан – Өтепов көшесіндегі №21 үйдің іші-сырты кірсе шыққысыз екен. Қасбеті ашық жасыл түске боялып, шатыры жаңа заманауи үлгідегі материалдармен ауысқан үй анадайдан менмұңдалап тұр.

Тұрғын үй 2022 жылы «Каусар-өмір» ПК төрағасының өтініші мен тұрғындардың жалпы жиналысының хаттамасы негізінде жобаға енгізіліп, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өткен. Нәтижесінде жалпы сомасы 38 миллион теңгеден астам қаражат жұмсалған үйде шатыр, кіреберіс пен қасбет ауыстырылып, инженерлік коммуникация жүйелері жаңартылған.

Белсенділер алғашында тұрғындармен үйдің шатырын жөндеуге келіскен. Кейіннен мемлекеттен берілетін қаржы арқылы үйді толығымен жаңартуға болатынын білген соң, күрделі жөндеуден өткізуге шешім қабылдаған. «Ай сайынғы төлемі де тиімді. Әркім өзі тұратын пәтерінің шаршы метріне қарай төлейді» дейді тұрғындар.

– Біздегі ең басты мәселе – 60-жылдары жабылған, тозығы әбден жеткен шатыр болатын. Төбемізден су ағып, әбден мазамыз кететін. Бұл мәселені тұрғындармен кездесулерде бірнеше рет көтердік. Кейін ТКШ жаңғырту бағдарламасы туралы естіп, бағдарлама бойынша 15 жылға несие берілетінін білдік. Сол кезде осы бағдарлама аясында қалада көптеген үйлер жөндеуден өтіпті. Алдымен құжаттарымыз-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ды толығымен реттеп алдық. Содан кейін жөндеу жұмыстарын бастадық. Жұмысшылар үйімізді бір-екі айда-ақ реттеп беретінін айтқанда, шыны керек, күмәнмен қарап, сенбедік. Бірақ олар өз істерінің шебері екен, уәделерінде тұрды. 11 мамырда бастаған жұмыстарын 15 маусымда аяқтап берді. Тұрғындар жұмыс барысын көздерінен таса қылмай қадағалап отырдық. Кейіннен үйдің қасбетін, дәліздердің қабырғаларын бояу үшін түс таңдадық. Өте сапалы жұмыс жүргізген мамандарға ризашылығымызды білдіреміз. Бұл бағдарламаның артықшылығы сол, жөндеуден өткеннен кейін үйімізге екі жыл кепілдік берді. Егер қандай да бір кілттипан шықса, өздері реттеп береді екен. Бұл деген тамаша ғой! – дейді үй белсендісі Елена Умекенова.

Қасбеті жаңарып жатыр

Қазіргі таңда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жалпы құны 152 миллион теңгеден асатын Исаев көшесіндегі №15 үйдің қасбеті жөндеуден өтіп жатыр. Мамандардың айтуынша, тоғыз қабаттан тұратын үй 2009 жылы салынған.

Пресс-тур барысында Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин Алматыда «Нұрлы жер» бағдарламасы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы іске асырылып жатқанын атап өтті.

– Бағдарлама аясында жұмыстың үш түріне басымдық беріледі. Олар инженерлік желілерді ауыстыру, шатырды, сондай-ақ қасбет пен кіреберіс бөлігін күрделі жөндеуден өткізу. Тұрғындардың бағдарламаға қатысу арқылы 8 жылдан 15 жылға дейін бөліп төлеуге болатын несие алуына мүмкіндігі бар. Ол үшін пәтер иелері жиналыс ұйымдастырып, тұрғындардың кем дегенде үштен екісінің келісімі керек. Содан кейін «Алматы тұрғын үй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі немесе коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына өтініш беріңіз. Мәселен, бағдарлама аясында 2022 жылы 111-ден астам үй жөнделді, сонымен қатар 170 көпқабатты тұрғын үйде 358 лифт ауыстырылды. Бүгінде тұрғындардан сұраныс әлі де қабылданып жатыр. Кейіннен біз өздеріміз бірлесіп, жиналыс жасаймыз. Күрделі жөндеу жұмыстары өздері қалағандай жасалады. Оны жасаған мердігер компания өкілдері 2 жылға дейін кепілдік береді. Осы уақыт аралығында қандай да бір ақау болса, оны өз қаражатына жөндеп беруге міндеттеледі, – деді Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы 2011 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бүгінге дейін мегаполисте осы жоба аясында 965 көпқабатты тұрғын үй жаңартылып, 2 мыңға жуық ғимараттың жедел сатысы ауыстырылған. Салаға жауапты басқарма мамандарының хабарлауынша, биыл күрделі жөндеу жүргізуге 83 тұрғын үй өтініш берген. Бағдарлама аясында үйдің қасбетін жаңарту, инженерлік желілерін ауыстыру және жертөле мен кіреберісіне күрделі жөндеу жүргізу қарастырылған. Ол үшін қаржы несиелік жүйемен беріледі. Қомақты қаражатты 8 жылдан 15 жылға дейін бөліп төлеуге болады. Бастысы – пайызсыз. Яғни тұрғындар алдымен мемлекет қаржысына үйлерін жөндеп, кейіннен оны аз мөлшерде бөліп төлеу арқылы қайтарады.





АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Жұмыс аптасы басталысымен редакциямызға өздерінің ұсыныс-пікірлерін айтып хабарласатын қала тұрғындары жетерлік. Алып қаланың қай бұрышында не болып жатқаны туралы алматылықтар әлеуметтік желіде де көп жазады. Мұндай белсенділік оқырмандарымыздың қала өміріне бей-жай қарамайтындарын байқатса керек.

КӨГАЛДАНДЫРУ



Гүлдейтін ағаштар отырғызылса...

Редакциямызға қоңырау шалғандардың бірі – Гүлжамал Аяханова. Біздің тұрақты оқырманымыз. «Almaty aqshamy» газетін үзбей оқиды. Үнемі телефон шалып, ойын, ұсынысын айтып тұрады. Бір кездері басылым арқылы ұсыныс айтып, ауласына арнайы орындықтар қойылған. Оқырманымыз басылым тілшілерінің атсалы-

суымен шешілген мәселелеріне алғыс айта келіп, алдағы жұмыс аптасына табыс тіледі. Содан кейін биылғы жылы ескерерсіздер деген үмітпен ұсынысын да айтты:

– Өз басым, «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарына тұрғындар атынан да, өзім де жиі хабарласып тұрамын. Есігіміздің алдына демалып отыратын орындықтарды сіз-

дердің атсалысуларыңыздың арқасында қойдырдық. Көше бойындағы арықтарымыз тазарды. Ризамыз. Өткен жылы Алматыда көп жұмыс атқарылды, бірақ әлі де шаруа көп қой. Оның барлығын мен сіздер арқылы оқып, танысып отырамын. Өйткені, мен газеттің бір тақырыбын қалдырмай оқимын. Менің ендігі бір айтайын дегенім, басылым бетінде осы кезде ағаш отырғызылғаны туралы ақпараттар көп жарияланып жүр. Жақсы ғой, әрине. Бірақ егілген ағаштардың аттары туралы кейде нақты жазылмай жатады. Содан кейінгі ұсынысым, біздің қалаға жаз кезінде гүлдеп тұратын ағаштар отырғызылса қалай болар екен? **Жақында мен Грузияның портты қаласы Батумиде демалып қайттым. Сонда байқағаным, қала көшелерінде гүл жаратын ағаштар көп екен. Әлгі ағаштары ерекше әдемі енді! Бізге сондай ағаштар ексе болмай ма? Өз басым, қалада үйлерінің аулаларында гүл жарып тұратын ағаштарды көп кездестіремін. Сол себепті, гүл жаратын ағаштар Алматыда өседі деп ойлаймын. Мамандар осыны ескерсінші, – дейді оқырманымыз.**

Шынында да, ойлануға тұрарлық ұсыныс екен. Оқырманымыздың бұйымтайын сала мамандары алдағы уақытта ескеріп жатса, нұр үстінде нұр. Алматымыз жайнай берсін!

ОҚЫРМАН САУАЛЫНА ОРАЙ

Оңалту орталығы ашылады



– Алматыда өмірге келіп, осында өніп-өскеннен кейін шығар, мен бұл ғажайып қаланы жанымдай жақсы көремін. Мен үшін оның әртасы қымбат. Алып шаһар жыл сайын дамып жатыр. Ешкім қол қусырып отырмағанын білеміз. Бірақ «сырт көз бәрібір сыншы ғой. Кемшіліктер әлі де көп. Мәселен, мен алысқа бармай-ақ, өзім күнде жүріп жүрген жолымдағы мына бір көрініске көңілім толмайды. Абай даңғылы мен Масаншы көшесінің қиылысында (егер шатаспаса, бұрын аурухана болды-ау деймін) 2-3 қабаттан тұратын ғимарат бар. Абай даңғылы жағын білмеймін, бірақ Масаншы көшесі жағында тіршіліктің ізі жоқ. Қаңырап бос тұр. Бір кездері диагностикалық орталық болғанын білуші едім. Бірақ неге екенін, кейіннен ол жабылып қалды. Айтайын дегенім, ешқандай қолданысқа берілгеннен кейін бе, ғимарат тозып барады. Кіріпшітері үгітіліп жатыр. Күнде қасынан өтіп

бара жатып: «неге осы жерлерді жөндеп, елге пайдасы тиетін қандай да бір үйірмелерге, орталықтарға жалға бермеске?!» деп ойлаймын. Бұлай бос тұрғаны жарамас. Кәдеге жарарлық бір іске пайдалану қажет, – дейді Нұрғүл Кәрішолова есімді оқырманымыз.

Оқырманымыздың сауалы орынды. Бірақ бұл ғимарат туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының тұрғындарымен өткізген наурыз айындағы кездесуінде айтқан болатын. Қала басшысының айтуынша, медициналық қызмет көрсетудің, әсіресе аға буын мен балалардың қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылы бұрынғы теміржол ауруханасының ғимаратын заманауи «Қалалық балаларды оңалту орталығы» ретінде қайта жаңарту басталады. Орталықтың өзі келесі жылы ашылады деп жоспарлануда.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



Автобустар жаңара ма?

– Алматыға көрші елдімекендерден қатынап жұмыс істейтіндер көп. Мәселен, мен қалаға 12 шақырым жерден (Панфилов ауылынан) келемін. №203, №225 деген автобустар жүреді. Күнде таксимен жүруге мүмкіндік қайдан болсын, жұмысқа кешігіп бара жатқанда болмаса, негізінен қоғамдық көлікті пайдаланамыз. Бірақ жолдың азабын жүрген біледі. Жасыратыны жоқ, өткен жылы жолаушылардың жасадайы мәз болған жоқ. Сыйымдылығы 20 адам отыратын автобустың 40–50 адамға дейін мініп алып, қысылып-қымытырылып жол жүрдік. Кейде сағаттап күтетініміз бар. Өзі кішкентай ғана автобустың іші жазда ысып кетеді. Қыс болғанда кейбіреуінде жылытатын пеш те болмайды. Автобустардың сапасы сын көтермейді. Қыс кезінде №203 автобустың жолаушылар түсетін есігі ашылмай қалып, жолаушылардың үлкені бар, кішісі бар – барлығы жүргізуші отыратын жақтағы есіктен секіріп-секіріп түсіп, шыққанымыз бар. Бұл деген өте ұят! Биыл осындай кемшіліктер жойылып, қоғамдық көліктегі мәдениет қалыптасса екен дейміз. Жақында Талғар–Алматы бағытындағы №207 нөмірлі автобустар жаңарды. Көрсен, көзің тояды! Сол секілді, Құлжа тасжолымен жүретін автобустарды да ауыстырыңыздаршы! – дейді Айгүл Қасымханқызы.

Оқырманымыздың өтініші бойынша қалааралық жолаушы тасымалдаумен айналысатын «Думан Транс» ЖШС-іне хабарласып едік, телефон тұтқасын ешкім көтермеді. Сол себепті, бұл мәселеге газетіміздің алдағы нөмірлерінің бірінде жауап беретін боламыз.

МЕТРО

Бекеттегі есікті ауыстырса...

– Қазір қаламызда жерасты көлігімен жүретін жолаушылардың саны артты. Еш кедергісіз діттеген жеріңе дін-аман жеткізетін көлік алматылықтар үшін ең қолайлы әрі ыңғайлы транспорт болып тұр. Сол себепті, метроға қатысты ештеңе айта алмаймыз. Бірақ бір ұсынысым бар. «Райымбек батыр» бекетінен түскен соң эскалатормен көтерілгенде сыртқа шығатын есік бар. Міне, сол есік жолаушылар үшін қолайсыз.

Неге десеніз, егер алдында келе жатқан адам байқамай әлгі есікті өзі шыққаннан кейін жібере салса, артында келе жатқан адамның маңдайын бұзып, тандайын түсіруі мүмкін. Себебі, пружиналары қатты тартылғандықтан есіктің ашылып-жабылуы өте қиын. Айтайын дегенім, сол есікті жай ашылатын етіп ауыстыруға бола ма? Бұл бір менің ғана ойымда жүрген нәрсе емес, сол жерден күнде жүретін жолаушылардың барлығының сөзі! Осыны басшылық ескерсе екен, – дейді алматылық Серікбай аға.



ҚАЛАБЕЗЕНДІРУ

Үндістанда жүргендейміз...

Барахолкаға барғанда көпшілігіміз жерүсті жолдарын пайдаланамыз. Бірақ сол жолмен жүрсем, өзімді Үндістанда жүргендей сезінемін. Өйткені, жолдың бойы түгел жаймабазар. Күннен, желден қорғанған түрлері болуы керек, жалбыраған мынадай маталармен жауып алыпты. Мұнда қазір көбінесе, арнайы орындарға ақша төлеуден қашатын адамдар сауда жасайды. Өзіңіз айтыңызшы, мына көріністің өзі Алматы деген атқа сай ма?

Қоғам белсендісі Рауан Иманғалиев құлды бір менің ойымды оқып қойғандай... Әлеуметтік желідегі парақшасына мынадай суреттері бар бейнежазба қалдырып, «жерүсті жолдарына не істе-



генсіздер? Маскара! Сапасыз безендіру!» деп көңілі толмаған пікір жолдаған. Оның сөзін құптаған желі қолданушылары «бұл әлдекімнің бизнесі», «саудагерлердің барлығы сол мандағы «Заря Восток» ауылында тұрады», «рұқсат етілмеген жердегі саудаға кім жауапты? Оларға күніне қанша ақша төлейді?», «әрбір саудагердің өз «крышасы» бар», «саудагерлер тұрған орындары үшін төлейді, бірақ ол жеке адамның қалтасына кетеді» деп көптеген пікірлер жазды.

Қоғам белсендісінің сөзінің жаны бар. «Егер халық бұл жолдарды бизнес жасауға арнайтын болса, неге оны жергілікті әкімдік талапқа сай етіп, әдемілеп жасап бермеске?» дейді ол өз сөзінде. Алайда, оның сауалына әзірге ешқандай қузырлы орын мамандары жауап берген жоқ.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КИНОКЕҢІСТІК

ВЕБ-СЕРИАЛДАР

арқылы қазақтың ұлттық менталитетін насихаттау керек

Қазіргі таңда ғаламтор ғарыштық жылдамдықпен даму үстінде. Адам санасы талғамды талғамайтын жағдайға жетті. Қандай дүниені көрсетеді. Ішінен қажеттісін саралап, ой елегінен өткізбейтін болдық. Өйткені, анықталмаған ақпарат көп. Оны жүйелеп, сараптап, талдап жатқандар аз. Мұның ақыры қандай боларын кім білсін?!

Әдетте ХХІ ғасырды білім мен жаңа технологиялар дәуіріне балаймыз. Күн сайын ашылған жаңалыққа көз ілеспейді. Қайсысы дұрыс немесе бұрыстығын білмей қалдық. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін смартфонға телміреді. Ал мұнда небәрі 30–40 минутты жұмсаңыз, жаңылыса бастайсыз. Небір қулық-сұмдық осында. Бұл кеңістікте шектеу жоқ. Бір беймәлім бейнероликті бастыңыз, артынан соған ұқсастары келеді де тұрады. Бұл қашан реттеледі, ол жағын кім білсін?!

Соңғы уақытта YouTube желісін жиі қараймыз. Шар-тарапқа көз жүгіртеміз. Онымен қоса, теледидар қарауды қойғандаймыз. Бар назарымыз қысқаметражды фильмдерде. Бүгінгі әңгіме осы төңіректе болмақ. Тіпті, 5–7 минуттық серия шыға бастады. Бас-аяғы шолақ. Осы тұрасында көптен бері ой қаузап көргіміз келіп жүр еді. Теренірек үніліп көрелік.

Нарық қоғамды биледі

Постмодерн дәуірінде құндылықтар құлдыраған сияқты. Әлі түсіне алмаудамыз. Бүгінде «адам өзгерді ме, әлде заман өзгерді ме?», ол жағы бұлыңғыр. Капиталистік қоғам тек қаржы табуға негізделген. Қайдан қалай қармайсыз, өз шаруаңыз. Бірдеңе деп тіл қатсаңыз, демократияны желеу етеді. Осыдан кейін көңілде көп күмән жинала береді.

Қазіргі кезде вебсериал көбейді. Көбейгені соншалық, аяқталса сюжеті есте сақталмайтын күйге ұшырады. Ең бастысы, интернетке салды, жастар қарады. Артықшылығы миға ауырлық түсірмейді. Ойына не келеді, қолындағы телефонға да кино түсіріп жатыр. Монтаж қызықты емес. Негізгісі цензура жоқтығын біледі. Сөйтсе де, бірнеше адамнан құралған топ қысқа роликтерді шығара салады. Оның сапасы маңызды емес. Ішіндегі нәрсесі тез күлкіге қарық қылса жеткілікті. Қысқаша сипаттамасы осыдан әрі аспайды.

Вебсериалды түсіру бір бөлек әңгіме. Сонымен қатар, баршасы жарнамаға сүйенген. Кез келген затты мақтап, мадақтайды. Кейбірі белгілі бір кәсіпкердің саудасын қыздырады. Бір сөзбен айтқанда, маркетинг жағы қатты өріс алған. Сондықтан болар, олар жарнама арқылы ақшаны көбірек табады. Оның үстіне әлгі түсіргендерінің көрермені көбейсе, YouTube қаржы аударатын көрінеді. Ал түпкі мазмұнына ешкім бас қатырып жатпайды. Себебі, барлығы нарық заңының айналасында болып жатқан сияқты.

Өртүрліні көре бергендердің көзі байланады. Біртіндеп жеңіл дүниеден қаржы табуға болады деп түйінеді. Вайн түсіріп, тез-тез ақша тауып, шетел асқанды жөн санайды. Егер бәріміз осылай ете берсек, өндіріс орындары, зауыт, фабрикалар, ауыл шаруашылығы сынды көптеген саланың тізгінін кім ұстайды?! Аға, орта буын бір күні орнын қалдыратын маман таппай қалып жүрмесін. Ал бізге индустрияны игеру керек... Бұл уақыт күттірмейтін мәселе!



Контент һәм сапа

Вебсериал, вебкино түсіруге ешкім қарсы емес. Арасында халыққа ой салатындары да бар. Бірақ астарлы шындық айтылғандары еленбей қалатын сияқты. Әрбір әлеуметтік желіні қолданушы басына не ой келсе, бейнеролик жасап жібергенге әуес.

«Не түсіремін, сапасы қалай болады?» дейтін сауалдар назардан тыс қалады. Алғы шептегісі – контент жасау маңызды. Негұрлым контентті көп жинаса, соғұрлым ұтады. Олай болатыны, қаралымды көп жинауды диттейді. Лүпіл басып, вебсериал астына пікір көп қалдырса дейді. Одан басқаны ойламайды. Контент көбейіп, YouTube арнасына жазылушылар көбейсе, төбелері көкке жетеді. Аса ауқымды аудиторияны қамтыса, арғы жағында жылы-жұмсаққа тістері тиетінін біліп алған. Сол үшін күреседі. Ел арасында «сан бар жерде, сапа бар» дейді. Жарайды, келістік. Бірақ не болса соны түсіре беруге болмас. Бүгінгі түсірілімдер белгілі бір аудиторияға бағытталмайды. Контент жинаумен айналысатындардың басты ойы – молшылық пен байлыққа кенелу болып бара жатқандай. Контент жинаған дұрыс шығар. Белгілі бір биікке жеткенде контентті емес қазақты ойлайтын күнге жетейік.

Бейәдеп сөз опа бермес

Ғаламтордан кино қарауға ұялатын болдық. Құлақта құлаққап болмаса, бейпіл сөзді бақырып жібергенде, шошып түсесіз. Айтылған сөзден емес-ау, айналадағы ағайыннан қымсынамыз.

Теледидар интернетке жалғанып тұр. Вайфай шіркін алыс Америка мен қиырдағы ауыл арасын түгел жалғауда. Жоқ дегенде биік төбенің басына шығуға болады. Содан бірдеңе табасыз. Ғаламтормен істейтін теледидарды отбасы мүшелері, жақын-жуықпен қарай алмайтын күйге жеттік. Әлгі вебсериалдар жарнамасы керемет. Қызығып қосасыз. Ойламаған сәтте түгел әке-шеше, ата-бабасын қосып тұрып балағаттайды. Былапыт сөзді үйіп-төгерін қайтерсіз. Бет жыртысқан екі жас, ата-анасын сыйламайтын бала, жат бауыр ағайын, арпылдасқан әйелдер, құтырған сылқым, ез еркек және т.б. Кісінің қанын ішкен, біреудің ақысын жеген, жеңіл

жолға түскен, қыз – еркекшораға, ұл – қызтекеге айналған кадрлар, шетелге еліктеген, тілі не қазақша емес, не орысша емес дүбәра вебсериалдар қаптап барады. Ұят ешкімге керек болмай қалды. Есті адам қарайтын кино қалмаған сияқты.

Алаш ардақтысы, ақын Мағжан Жұмабаев «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп толғаныпты. Саналы, ойлы ұрпақтан айырылып барамыз. Жұрттың жанары жаманға үйреніп келеді. Жас-өспірімдерге қарап ұзақ ойланyp қаламыз. Нәзік, бір тізесі екіншісіне соқтығысқан үлбіреген жігіттер, нағыз еркекше киінген, темекі тартатын, сыраны қылғытатын, ұрда-жық, ойына келгенін істейтін қыздар көбеюде. Олардың мұндай сынға жауабы дайын. Сылтауы – «өзім білем». Осындайда тоқтау айтатын үлкендер де сиреді. Сөздің қуаты азайды, ғаламтордан көрген нәрседен артық шындық жоқ сияқты елестейтін болды. Кім батыр, кім қорқақ немесе алаяқ, ажырата алмайтын болдық.

...Жүре түзеле ме?

Қазақ әр сәтін жақсылықпен байланыстырады. Біздің дүниетанымда әркімнің, әр істің орны айқын. Үлкен өз қадір-қасиетін, кіші өз жолын біледі. Ұрпағының ақ адал өмір сүруіне барын салады. Өнеге өзегін үзбеге тырысады. Кісіге қиянат түгілі, тіл тимеуін қадағалайды. Халық ішінде «кісінің көңілі бір атым насыбайдан қалады» дейді. Осыдан артық пайым мен парасат айта алмаспыз.

Арғысы патшалық империя, берісі тас құрсау қылышынан қан тамған қызылдар дәуірі әбден қажытты. Дербестік алғанда қайыс нөкта, темір бұғаудан босап, денеміз ауырсынулардан, езгіден, үгіт-насихат атаулыдан босады. Барша қиындықты еңсергендей болдық. Бірақ өтпелі кезеңде бәрі тез болып кетті. Ғылыми технологиялық прогресс алға шықты. Жылдам баю, қайткенде де қаржы табу сынды қағидалар алдыңғы шептен орын алды. Бізге дейінгі капиталистік елдер 2-3 ғасыр жұмсап, біз 20–30 жылда аумалы-төкпелі кезеңді кешіп келеміз. Осының барлығы киноиндустрияға айналды. Вебсериалдар арқылы қаржы табудың оңай тетіктері ұсынылды. Арбап-алдау қалыпты үрдіске айналды. Жер-жаһанды қиратып, әп-сәтте жойып, жетістікке жету құпталады. Ақыры соңында титімдей игілік істеп қою бұрынғы арсыздықты жуып-шайып тұр. Бұл сонда не болғаны?! Қазақ «Көш жүре түзеледі» деп тәмеілдейді. Соған талпынайық. Батыстың қаңсығын таңсық студі тыюға атсалысайық.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

P.S.

Бұл жалғанда адам бір-ақ рет ғұмыр кешеді. Осындай өлшеулі сәтте өз құндылығымызды сақтайық. Оның бүгінгі замандағы тікелей әсер етуші факторы – ғаламтор. Сондықтан біз де қазақтың бай шежіресін, ұлттық менталитетін вебсериалдар, вайн, бейнероликтер арқылы насихаттайық.





БӘРЕКЕЛДІ

Алматыдағы физика-математика мектебінің оқушысы Динара Қалихан нағыз бәсекеге қабілетті жас. Оны әлемнің ең үздік 26 оқу орны шақырып отыр. Олар Динараның ғылыми жобалары мен жаңалықтарына қызығушылық танытқандарын айтады.

ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК 26 ОҚУ ОРНЫ

алматылық оқушыға шақырту жіберді



– 9-сыныпта оқып жүрген кезімнен-ақ Америкадағы, Англиядағы оқу орындары туралы мәлімет жинап, зерттей бастадым. Ал 10-сыныпта оқуға түсуге іштей дайындала бастаған едім, – дейді Динара.

Білімді жас АҚШ-тың 31-ші президенті оқыған Станфорд университетін тандапты. Осы оқу ордасының магистратурасын да

тәмамдағысы келеді. Мектепте жүріп-ақ студент атанған Динара Қалихан шетелде білім алып, елге оралған соң, жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр. Динара сонымен қатар, математика мен бағдарламалау бағыты бойынша әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың 200-ден астам баласына сабақ беріп, көмек көрсетті.

БАЛАЛАР КӨРМЕСІ

БАЛҒЫН БОЯУ ШЕБЕРЛЕРІ

боямасыз өмірді бейнелейді

Алматыдағы Оқушылар сарайының көрме залы келушілерге толы. Нақтырағы, мұнда қала мектептерінің талантты оқушылары бас қосты. Бұл күні болашақ қылқалам шеберлері Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Айжан-Сара Жансейітованың көрмесін тамашалап, шеберлік сыныбына қатысу үшін жиналды.

Белгілі қылқалам шебері балаларға сурет өнерінің қыр-сыры туралы дәріс оқып, мол тәжірибесімен бөлісті. Оларға тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалады. Сосын бояуды қалай қолдануға болатынын, тіпті оларды басқа түрге, түске айналдырудың сан мың құпиясы туралы да айтып берді.

– Барлық бала талантты, тек оларды тани білуіміз керек. Жас кезінде балаға дұрыс бағыт берілсе, ол өзінің сүйікті кәсібін таңдайтын болады. Әттең-айы, көбіне біз балалардың талғамына көңіл бөле бермейміз. Шеберлік сыныбында мен балалардың бояу тандағанына қарап-ақ олардың көңіл күйлерін, суретке деген қызығушылықтарын аңғардым. Жалпы, балалар періште, кіршіксіз көңіл сияқты ғой. Олар нені көрсе, сол қалпында бояма-



сыз жеткізуге ұмтылады. Маған балалармен жұмыс істеген ұнайды. Кәсіби суретшілер біраз күн жұмсайтын картинаны балалар

екі-ақ сағатта салып үлгерді. Тіпті, менің жұмыстарымнан да әдемі, – дейді Айжан-Сара Жансейітова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Толғанай ХАСЕН,
көрме залының меңгерушісі:

– Айжан-Сара Жансейітованың көрмесін қаламыздың тұрғындары мен қонақтары көптеп келіп, тамашалауда. Ал бұл шеберлік сыныбының басты мақсаты – арт-терапия, яғни сурет арқылы ой мен көңіл күйді білдіру.

«Таңдау нәліктен бұл кісіге түсті?» деген сауал туындары анық. Айжан-Сара ең алдымен ана, ол балалардың тілін таба біледі. Өзі кәсіби суретші. Өткен жолы сандық кескіндеме бойынша суретші Ольга Комардың шеберлік сыныбы өтті. Аға оқытушы Әсел Қадырдың да дәрісі балаларға ұнады.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ПӘННІҢ АТАУЫ ӨЗГЕРЕДІ

Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың әскери іс негіздері бойынша қажетті білімді, іскерлікті, төтенше жағдайларда қажет дағдыларды игеруі үшін АӘТД пәнін «Бастапқы әскери дайындық» пәні деп өзгертуді ұсынып отыр.

Осыған орай, Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында құрамында практик-мұғалімдер, жетекші ғалымдар, әдіскерлер, яғни 300-ге жуық әзірлеуші бар жұмыс топтары қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру ісін бастап кетті. Сонымен қатар, бұл бағытта

«Оқу бағдарламалары жетілдірілгеннен кейін АӘТД пәнін оқытудың күнтізбелік-тақырыптық жоспарының мазмұны қайта қаралатын болады», – деп жазды Үкімет басшысы.

Бұған қоса, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) пәнінің сағаттар саны

қайта қаралуы мүмкін. Сонымен қатар, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» кабинетін жарақтандыру «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларына» сәйкес жүзеге асырылатын болды.

Ұлттық білім беру деректерінің базасына сәйкес 5432 орта мектептің 4702-інде АӘТД кабинеті жұмыс істейді. Оның ішінде 134 кабинет оқу жабдықтарымен жабдықталмаған көрінеді.

ЖАСЫЛ МЕКТЕП

ТҮЛЕКТЕР ТАРТУУЫ



Алатау ауданындағы №196 жалпы білім беретін мектептің пайдаланылуға берілгеніне де көп уақыт бола қойған жоқ. Сондықтан қазір жаңа мектептің ауласын көгалдандырып, жас көшет отырғызу өте маңызды болып тұр.

«Жасыл мектеп» акциясына орай мектеп түлектері ерекше бастама көтеріп, білім ордасына 100 түп туя ағашын сыйға тартты.

Ораза айындағы осынау сауапты іске мектеп басшысы Гүлмира Жолдасбайқызының 2007 жылғы түлектері ұйытқы болды. «Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, еліміздің дамуына үлестерін қосып жүрген шәкірттеріме алғыстан басқа айтарым жоқ. Мен 5-сыныптан бастап сынып жетекшісі болдым. Әрбір шәкірттің – бір-бір тұлға. Тәрбие мен білімді қатар дарытсам деген мақсатым орындалған сыңайлы, – дейді Гүлмира Жолдасбайқызы.

«Шәкірт тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін ұстазымыз ата-аналармен үнемі тығыз байланысып отыратын. Ал бізбен нағыз дос, сырлас бола білді», – дейді шәкірттері.

ЫНТАЛАНДЫРУ



САПА АРТАДЫ

Биылдан бастап кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар өндірістен тартылған педагогтарға аттестаттаудан өтпей «педагог-модератор» біліктілік санаты беріліп, жалақысының 30% мөлшерінде қосымша ақы төленетін болады.

Сондай-ақ, еңбек өтілі 10 жылдан асатын педагогтардың жалақысына 35% үстемеақы төленіп, сарапшы санаты беріледі. Оқу-ағарту министрінің мәліметінше, барлық қажетті кәсіби технологияларды меңгерген білікті маман даярлауда негізгі орын оқу шеберлері мен колледждің арнайы пән педагогтарына тиесілі. Өйткені, олар студенттерге білім беріп қана қоймай, дағды қалыптастыру үшін өзінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, өндірістегі білгенін үйретеді. Сондықтан өндірістен тартылған педагогтар үшін осы шаралар қарастырылған. Колледждерде алғаш рет педагогикалық қызметке кіріскен және кемінде 2 жыл өндірістік өтілі бар мамандар тестілеуден

өтпей-ақ «педагог» біліктілігі санатын алып, өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары аттестаттаудан өту кезінде тестілеуден босатылады. Бұл ретте тек қызмет нәтижелерінің жалпы кешенді тексеруінен өтетін болады. Өз кезегінде аталмыш өзгерістер колледж педагогтарын ынталандырып, кадр даярлау сапасын арттырады.

Сонымен қатар, ендігі жерде зейнеткерлік жасына 4 жыл қалған педагогтар, 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтар бұрын берілген біліктілік санатына сәйкес тестілеуден босатылатын болды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



МАМАН КЕҢЕСІ

Айжан ӘБДЕТ, заңгер:

КІМ КЕПІЛГЕР БОЛА АЛАДЫ?

Азамат банктен несие немесе ипотека алуға барады. Несие алушының құжаттары толық болмай, зейнетақы қорындағы қаржысы аз, атында жеке мүлкі, үй мен көлік болмайды. Азаматтың ай сайын несиені төлеп тұра алатынына банк сенбейді. Банк несие алушыға жанында кепілгер (гарант) болса ғана несие береміз дейді. Азамат өзінің туыс-туғандарына, достарына кепілгер болуға өтінеді. Кепілгердің айлығы жоғары, атында мүлкі бар, несиелік тарихы жақсы болуға тиіс. Кепілгер банкпен келісімге келеді. Несие алушыда банк алдындағы жауапкершілік қандай болса, кепілгер де сол жауапкершілікті өз мойнына алады. Біріншіден, несиенің ай сайынғы кестесінде басты борышкер төлемесе, кепілгер төлеу керек болады. Екеуі де қарызды төлей алмай қалған жағдайда шоттары бұғатталады. Бұл жерде кепілгер басын алып қаша алмайды. Себебі, кепілгер ретінде келісім-шартқа қол қояды.

Гарант болудың салдары қандай?

Егер несие уақытында төленбесе, оның салдары өте көп. Біріншіден, басына қарыз жазылады. Екіншіден, шоттары бұғатталады. Үшіншіден, мемлекеттен шыға алмайды. Төртіншіден, несие алушының қарызы сотқа дейін барса, барлық сот отырысына қатысуға тура келеді. Өйткені, екеуінде жауапкершілік бірдей болады. Борышкердің несиені төлей алатынына толықтай сенгенде ғана кепілгер болу керек.

Жұмыс тәжірибемде несиеге жер алып, кепілгер ретінде анасы қызын ұсынып, кейін несиені төлей алмай қалған жағдай кездесті. Қызы кепілгер болуға заң



бойынша толық талапқа сай. Басты борышкер уақыт өте келе жұмыстан шығып қалады да, несиені төлей алмай қалады. Сөйтіп, кепілгер қызының шоттары бұғатталады. Банк айлығынан ұстап қалады. Бүгінде осындай жағдайлар жиі кездеседі. Маман ретінде менен кеңес сұрады. Амалын тауып, шыққан сот шешімі өзгертілді. Сот арқылы несие алушыға ай сайынғы төлейтін сомасын азайтып, ыңғайлы төлеу кестесін алып бердік. Бірақ сот арқылы ыңғайлы кесте алуға болатынына кепіл жоқ. Заң бойынша қарыздан құтылып кету деген нұсқа жоқ. Борышкер қарыз алды ма, талап бойынша төлеуге міндетті. Сондықтан борышкер де, кепілгер де аса мұқият болғаны жөн.

БРИФИНГ

ЖАЗА БАСҚАНДАРҒА КӨМЕК

2600-ден астам адам – пробациялық бақылауда


Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексіне сәйкес, пробация қызметі қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз етеді.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау заңды күшіне енген үкім немесе қаулы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акті, кешірім жасау туралы акті негізінде жүргізіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте әділет майоры Шынар Құлжанова баяндады. Сонымен қатар, 3 мыңнан астам сотталғандар есепке алынады, оның ішінде 400-ге жуығы әйелдер.

Атап айтқанда, ДИИС қызметкерлері барлығымен жеке әңгімелесу жүргізеді, оларға жұмыс қажет пе, соны анықтайды, содан кейін Жұмыспен қамту орталығына жүгінеді, сол жерден оларға лайықты жұмыс іздейді. Олар жанармай құю бекетін, наубайхананы, экспедиторларды, колл-орталықтарды, жүк тиеушілерді, тазалаушыларды, тігіншілерді және т.б. жұмыс орындарын қарастырады, орташа жалақы 100–150 мың теңгенің арасында, кейде 200 мың теңгеге дейін жетеді.

«Сотталғандардың 61%-дан астамы жұмыспен қамтылған, 32%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және 5,8%-ы студенттер, мүгедектер және ата-анасының күтіміне байланысты демалыста жүргендер, 0,2%-ы жұмысқа орналасқысы келетіндер және Жұмыспен қамту орталығына жолдама алғандар», – деп түсіндірді Ш.Құлжанова.

Сондай-ақ, спикер жазасы қоғамнан оқшаулауға қатысы жоқ сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша ай сайын тексеру жүргізетінін айтты. ДІП қызметкерлері келу кезінде ұялы телефонға түсіріп жатқанда, есеп



берушінің тұрған жерін жазып алуға мүмкіндік беретін бейнетіркегіштер болады деп жоспарлануда. Өткен жылдан бастап бұрын қағаз жүзінде сақталған жеке істер электронды форматқа көшірілді. Сонымен қатар, сотталғандарды бақылау үшін электронды білезіктер қолданылады. Былтыр қалада олардың саны 150-ге жуықтаған. Әрине, мұндай «бақылауға» барлық есепші түсіністікпен қарай бермейді, білезіктерді бүлдіріп, жоғалғанын жариялаған жекелеген жағдайлар кездескен. Білезік пробациялық бақылауды бұзған немесе қайталап қылмыс жасауға бейім сотталғандарға тағылады.

Шынар Құлжанова «еліміздің қылмыстық жүйесінде пробацияның сотқа дейінгі, үкім шығару, пенитенциарлық және постпенитенциарлық деген 4 түрі бар екенін» атап айтты.

«Пробациялық бақылаудағы сотталғандар сағат

22.00-ден 6.00-ге дейін болуы шарт. Бұл сот Үкіміне сәйкес олардың міндеті, түнде олар үйде болуы керек. Тексеру кезінде сотталған үйінде болмаған жағдайда одан түсіндірме хат алынады. Біріншіден, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ескерту жасалады. Егер мұндай адамдар үнемі үйде болмаса, жазалау тәртібін бұзса, бас бостандығынан айыру мәселесі қаралады», – деп жалғастырды Алматы қаласы ІІД Пробация қызметінің қызметкері.

Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Әділет

Жаңабаев сотталғандарды жұмысқа алып қана қоймай, олар жұмыс берушілермен бірге жұмыс орнындағы курстарға, сондай-ақ жұмыс берушілердің өтініші бойынша білім беру ұйымдарындағы курстарға да жіберіліп отыратынын айтты. Оқу 3 айға созылады, осы уақыт ішінде ай сайын 20 мың теңгеден жоғары шәкіртақы төленеді, бұл жағдайда жұмысқа тұруға кепілдік беріледі. Ал курстар жұмыс берушінің жұмыс орнында өтетін болса, онда 20 АЕК көлемінде жалақы төленеді. Алматының Жұмыспен қамту орталығындағы барлық қызмет тегін көрсетіледі, онлайн-режимінде де жұмысқа алуға болады. Тіпті, сотталғандар 400 АЕК көлемінде өтеусіз жәрдемақы алып, өз кәсібін аша алады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ПОЛИЦИЯ

АЛМАТЫЛЫҚТАР 23 ҚАРУ ТАПСЫРДЫ

Алматы полициясы заңсыз сақталған қару-жарақ, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды өз еркімен тапсыру бойынша ауқымды науқан басталғанын хабарлады.

«Өз еркімен тапсыру ақшалай сыйақы үшін жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарында тіркелмеген кез келген қару заңсыз және тапсырылуға жатады. Кез келген мылтықты, тегіс ұңғылы, травматикалық атыс қаруы аумақтық полиция басқармасына тапсырылуы тиіс. Қару қабылданған кезде зерттеу, қылмысқа қатысы бар-жоғын тексеру және тапсырылған заттың құнын бағалау үшін криминалистерге жіберіледі. Сонымен қатар, жоғарыда аталған заттар адамды қамауға алу кезінде, сондай-ақ оларды анықтау және тәркілеу бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәркіленген болса, өз еркімен тапсыруға жатпайтынын айта кетейін», – деді Алматы қаласы ПД әкімшілік полиция басқармасы азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау бөлімінің басшысы Рахим Толокулов.

Бүгінгі таңда Алматы қаласының ішкі істер органдарына азаматтардан 23 атыс қаруын, атап айтқанда 18 тегіс ұңғылы қаруды, 1 травматикалық қаруды, 4 мылтық, мылтыққа арналған 60 патронды тапсыру туралы 14 өтініш келіп түсті.

«Барлық тапсырылған қару біріктірілген деректер банкіне сәйкес тексеріліп, мылтықтар криминалистикалық сараптамаға жіберілді. Науқан барысында азаматтардың заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілерін және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсыруы туралы тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілді. ПД-ның барлық бөлімшесінде, азаматтар көп жиналатын орындарда науқан туралы ақпараттық стендтер орнатылды», – деді Р.Толокулов.



ДЗЮДО

ДОХАҒА КІМДЕР
БАРАДЫ?

Дзюдодан Қазақстан құрамасы 7–14 мамыр аралығында Катар елінің Доха шаһарында өтетін әлем чемпионатына қатысады. Осылайша көптің ішінен суырылып шыққандар бақ сынайтын болады. Бұл туралы Ұлттық Олимпиадалық комитет мәлім етті.

Сіздердің назарларыңызға Катар астанасында өнер көрсететін құрамды ұсынамыз.

ЕРЛЕР:

- 60 келі: Елдос Сметов, Нұрқанат Серікбаев.
- 66 келі: Ғұсман Қырғызбаев.
- 73 келі: Жансай Смағұлов, Данияр Шамшаев.
- 81 келі: Абылайхан Жұбаназар.
- 90 келі: Дидар Хамза, Айдар Арапов (mix team).
- 100 келі: Нұрлыхан Шархан.
- +100 келі: Ғалымжан Қырықбай.

ӘЙЕЛДЕР:

- 48 келі: Әбиба Әбужақынова, Ғалия Мыңбаева.
- 52 келі: Толғанай Әбеуова.
- 57 келі: Бақыт Құсақбаева.
- 63 келі: Есімгүл Құйылова.
- 70 келі: Анастасия Маякова.
- 78 келі: Аруна Джангелдина.
- +78 келі: Камила Берлікаш, Аерке Рамазанова.

Осы аталған құрама мүшелері алдағы байрақты бәсекеде атой салса дейміз. Сонда дүниежүзілік дзюдо рейтингінде тағы бір саты жоғарылай түсетін боламыз. Спортшыларға артылған сенім мол, жүлдеден үміт зор.

ШАХМАТ

БИБІСАРА ҮЗДІКТІ ҰТТЫ

Шахмат – өнер, шахмат – спорт. Осы екі қағиданы жанына желеу еткендер ұзаққа барады. Қазақ шахмат мектебі қалыптасып қалған сияқты. Шахматшыларымыз әлемді мойындатып келеді.

Жақында жақсы хабар жарияланды. Онда қазақ шахмат өнерінің үздігінің аты аталды. Ол кім дерсіз?! Әрине, көпшілікке таныс, талайды тамсандырып жүрген – Бибісара Асаубаева. Шахматшы қызымыз Үндістанда бірқатар кездесу өткізді. Зерде мен ақыл-ойдың ұтқырлығын талап ететін жарыста сүрінбеуге тырысты. Қолдан келгенше үздіктер сапында өнер көрсетті. Енді бүгінгі жетістігі көптен күткен жаңалық еді.

Ол әзербайжандық Гунай Вугарқызы Мамедзадени ұтты. Асаубаева тағы екі ойынды грузиялық Нана Дзагнидзе мен үндістандық Харика Дронаваллимен тең аяқтады. Нәтижесінде

БОКС

ҚАРСЫЛАСЫН СҰЛАТЫП САЛДЫ

Біздің жігіттер жұдырықтасудан тайған емес. Үнемі осы қарқынды биік ұстауға бейім. Соның кезекті жалғасын тағы бір мәрте аңғардық. Сөйтіп, қазақ бокс мектебінің мықтылығын тағы дәлелдей түстік.

Соңғы күндері спорт сүйер қауымның назары ауған жарыс өтті. Мейірім Нұрсұлтанов пен Кадзута Такесако арасында қызу бәсеке ұйымдастырылды. Көпшілік жапон боксшысының айбарынан қаймыққан-тұғын. Сөйтіп, біздің тарап жеңісті қолдан бермес деген ниетте жүрді. Жанкүйерлеріміздің тілеуі қабыл болды. Жерлесіміз шаршы алаңда қаймықпады. Алғашқы раундтың өзінде байыппен қимылдады. Көп шегінбеді. Бокста аяқты тиімді пайдалану, екі қолдың соққысының қатты тиюіне жәрдемдеседі дейтін. Сарапшылар ойы дәл келді. Абырой болғанда, жеңіліске ұшырамады. Қайта қайтпас қайсарлығының арқасында жеңіске жете алды.

Көптеген бокс кештерінен бір ғажайыпты күтеміз. Шоу жасағанын қалайтын болдық. Қарап отырған адам ләззат алса деп ойлаймыз. Көрерменнің талғамына сай болып бара жатқан сияқты. Мейірім қарсыласын нокаутқа жіберді. Осының өзі жанкүйерлерге үлкен серпін сыйлады деп ұғамыз.

Жарыс Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өткізілді. Екеуі орта салмақты жөн көріп, осы деңгей бойынша өткерді. Нұрсұлтанов кәсіпқой бокста 19 жекпе-жек өткізіп, бәрінде жеңіске жетті. Оның 11-і мерзімінен бұрын аяқталды. Жапон



боксшысы 15 жеңіс пен 1 тең нәтижеден кейін мансабындағы алғашқы жеңілісіне ұшырады.

Мейірім Нұрсұлтанов WBO рейтингінде төртінші орында тұр. Бұл салмақтағы чемпиондық белбеу жерлесіміз Жәнібек Әлімханұлына тиесілі. Бағамдасаңыз, барша белбеу, алғашқы орындар отандастарымыздың еншісінде екен. Демек, кәсіпқой бокста бәсіміз жоғары. Осы дәрежеден түспейік.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

АНГЕЛИНА СУПЕРЛИГАНЫ ЖЕҢДІ

Қазақстандық Ангелина Романовская «УГМК-УОР» клубының құрамында үстел теннисінен Суперлиганы жеңіп алды.

Гатчинада (Ленинград облысы) Ресей үстел теннисі федерациясының командалық чемпионаты Суперлигасының 4-ші туры өтті. «УГМК-УОР» құрамында Злата Терехова, Есения Широкова, Вера Смирнова, Ангелина Романовская (Қазақстан) ойнады. Жерлесіміздің жеңісі үстел теннисінің сайысы бойынша алға бір мәрте жылжыды.



РЕЙТИНГ

Теннистен Қазақстан әйелдер құрамасы әлемдік рейтингте алғаш рет үздік жетілікке кірді. Біздің теннисшілер үлкен теннис пен үстел теннисін қатар алып жүр. Екі деңгей бойынша да нәтижелер тәп-тәуір. Соның арқасында осындай биіктікке көтеріле білді.

ЖЕТІНШІ
ОРЫНДАМЫЗ

Билли Джин Кинг кубогының жаңартылған рейтингісінде ел құрамасы 10-шы орыннан бірден 6-орынға көтерілді. Қазақстан ұлттық құрамасы АҚШ, Германия, Италия, Румыния, Бельгия, Ұлыбритания секілді командаларды артқа қалдырды.

Қазақстандық қыздар биылғы сәуірде елордада Польша теннисшілерін 3:1 есебімен тізе бүктіріп, командалық әлем чемпионатының финалдық кезеңіне жолдама алған болатын.

Қазақ теннис спорты алға ілгерілеп келеді. Дүниежүзілік деңгейге шығу, оңай шаруа емес. Мұнда біздің теннисші қыз-жігіттеріміздің табан ет, маңдай тері жатыр. Сол себепті, оларға үлкен ризашылық білдіреміз. Әлі талай шындарды бағындыруына тілектеспіз.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ХОККЕЙ

ӘЛИХАН ҰЛТТЫҚ
ҚҰРАМАҒА ШАҚЫРТЫЛДЫ

Хоккейші Әлихан Өмірбеков әлем чемпионатына дайындалу үшін Қазақстан құрамасына шақыртылды. Осылайша жан-жақтан жиналған біліктілігі мен шеберлігі ұштасқандар бір командада өнер көрсетеді.



отандасымыздың пайдасына шешілді. Қазақ шахмат спортының көшін бастап тұрған екі спортшы бар делік. Соның бірегейі Бибісара деп толық айта аламыз. Әлемдік жарыстардан қалмай, өз мықтылығын дәлелдеп жүрген жандардың бірі. Бұйырса, бүкіл ғалам көз тіккен сайыста талай бас жүлдені иеленіп қалар.

сегіз раундта Бибісара бес ұпай жинап, үш рет жеңіске жетіп, төрт рет тең түсіп, бір рет ұтылды. Бибісара Асаубаева ФИДЕ рейтингінде көш бастап тұрған Хоу Йифанды алғаш рет ұтты. Қарсылас бұған дейін ешкімге дес бермейтін. Бірақ бағы пен бабы қатар шаппағанға ұқсайды, осы жолы сүрінді. Жеңіс

Биылғы маусымда Сәтбаев қаласының 21 жастағы шәкірті «Номад» сапында өнер көрсетіп жүрді. Қазақстанның тұрақты маусымында ол 42 кездесу өткізіп, 33 (10+23) ұпай, плей-офф кезеңіндегі 17 ойында 7 (4+3) ұпай жинады.

Әлем чемпионаты 12–28 мамыр аралығында Рига мен Тампере қалаларында өтеді. Қазақстан құрамасы Латвия астанасында ойнайды. Оның «В» тобындағы қарсыластары Норвегия, Чехия, Швейцария, Канада, Словакия, Латвия және Словения командалары болады.

Негізі Ұлттық құрама сапына үздіктер алынады. Тіпті, шетелде өнер көрсетіп жүргендері де тартылған-тұғын. Кейде шебер ойыншыларымызды сырт жақ алып кетеді. Сөйтіп, сан соғып қалып жаттық. Енді өз ішіміздегі жас өрендерімізге назар ауды. Бәлкім, осыларды жақсы баулыса, үздіктер шығып қалар.



ӨМІР-ӨНЕГЕ

«ЕЛ, ЖЕР, ТІЛ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН ТҮТАСТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ»

Бүгінгі заман – білім мен ғылым заманы. Білімі мықты, ғалымы қарымды болмаса, дарынды ұрпақ қайранда қалған шарасыз шабақтың күйін кешері анық. Осы екі салаға табан тіреп, адалдық танытқан, ұрпақ жайын санасынан бір сәт те шығармаған ұстаздар мен ғалымдардың еңбегі ерлікке пара-пар.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ


Осындай азаматтардың қатарында белгілі ғалым, педагогика ғылымының докторы, беделді де белді профессор-оқытушы – Тұрсынбек Баймолдаевтың есімі ерекше асқақ аталады. Ол – ғылым мен білімнің өз өкілі. Ел адамы. Көп ішінен шыққан халықтық педагогиканың адамы.

Ел адамының көбі – ұлтым, жұртым дейді, олардың өн-бойында халықтық қасиет, қарғадайынан байтақ далаға, кең кеңістікке көз салып өскен мейірім мен шапағат менмұдалап тұрады.

Тұрсынбек аға сөз саптағанда әркез ұлттық мүддені ұлықтайды. Бір алқалы басқосуда: «қазақ үшін жаратылыстың, темірқазығы – ауыл. Сондықтан да біздің құндылықтарымыздың қайнар көзі де – сол ауыл», – деді. Ғалым ұлтқа керек үш тұтастықты атады: «Ел, Жер, Тіл үшеуі – ұлттық болмыс пен тұтастығымыздың айғағы!». Нақ анық!

ҚАМҚОРЛЫҒЫ БІР ТӨБЕ

Ұлттық демографияны деміктірмей ілгері жылжытуда «төрткүл дүниенің 40-тан астам мемлекетін мекендеп жатқан бес миллионнан астам қазақ үшін де тәуелсіз Қазақстан – өз Отаны. Ендеше, неге осы Отанда бірлесіп өмір сүрмеске, еңбек етпеске» дегенді де Тұрсынбек аға іркілмей



алға тартып: «оларды атажұртқа жеткізе алсақ, қатарымыз көбейіп, қуатымыз да артады», деп еді бір жолы қасқайып тұрып.

Бұл ойдың толғағы қазір де ащы десек, артық айтқандық емес. Өзбек бауырлардың өсу қарқыны тіпті бөлек. 36 миллионнан асып кетті. Ал жері байтақ, байлығы ұшан-теңіз Қазақ мемлекетінің жұрты 20 миллионға жетер-жетпес.

Сол ұлттық демографияға аз да болса септігі тиер деген ниетпен, шетелдерде тұрып жатқан бауырлардың балаларын Отанына тарту мақсатында 2004 жылы елордада «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім» деген атпен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен I Халықаралық олимпиада тұңғыш рет өтті. Оған ондаған мемлекеттен жүзге таяу ұл-қыз қатысты. Мектеп бітіретін түлектердің озықтарын елде қалдырып, жоғары оқу орнында білім беру

ісі қолға алынып, ол өз нәтижесін беріп, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Содан бері екі мыңға таяу жас атамекенде қалып, ел дамуына үлес қосумен қатар, деміктірмеу жолындағы демографиямызға да елеулі септігін тигізіп отыр.

Мұны айтудағы мақсат – айтулы ғалым, тіл тірегінің бірегейі, академик Өмірзақ Айтбайұлы бастаған қазылар алқасының құрамында Тұрсынбек Баймолдаев та болған еді. Ол әр баланың тағдырына сергектікпен қарады, оларға барынша қамқорлығын жасады. Қазір де сол қалпынан танбай келеді. Бұл оның адами қасиетін, азаматтығын көрсетсе керек.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕГІ ТҮЛҒА

Білім, ғылым саласындағы Тұрсынбек Молдаханұлының асқан белесі, шыққан биігі бекемдігімен белгілі. Үлгі егерлік игілікті ісі – өзі айтқан темірқазығы – ауылынан кіндік үзбей, қолынан келген көмекті жасап келе жатқаны да қуантады. Халқымыз имандылыққа бет бұрғанда, еліне алғашқылардың қатарында, мешіт тұрғызып беріп, талайды тамсандырды.

«Өзі болған қыз төркінін танымайдының» керін келтіріп, қалада қалып қойғандарды ойға батырды, оянған саналарды серпілтіті.

Саналы ғұмырын ұлт біліміне арнап келе жатқан зерделі ғалымның сан тарау зерттеулерінің ішіндегі шоқтығы биік еңбегі – «Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі» атты кітабы екені мәлім. Ақиқаты керек, біз көп жағдайда білім ісін жан-жақты сөз етіп, алтын өзек тәрбие беруді, білімді басқаруды қалтарыста қалдыра беретініміз бар. Бұл еңбек сол олқылықтың орнын толтырып тұрғаны сөзсіз. Монография іргелі дүние, берер мағұлматы да мол. Жалпы білім беретін мектепті басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздерін тарқатқан тұста, бастау басы саналатын тарихына тереңдеп барып, оған қатысты тақырыптарды қозғайды.

Ғылым академиясының беделі, абыройы мінсіз болуы қажет. Нағыз ғалым болу – академик не болмаса доктор атағына ие болу емес, жан-дүниеніңмен беріліп ғылыммен айналысу, зерттеу жүргізу арқылы қоғамға, елге пайданды тигізу екенін назарда ұстау қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Әлемдік тәжірибелерді ұлттық желілермен ұштастырып, біз де құралақан емеспіз деп, қазақтың қарым-қабілетін нақты тарихи деректермен, тарихи тұлғалардың еңбектерімен дәйектейді. Осыдан келіп, мазмұнды туындатады. Өзге жұрттардың ерекшеліктерінен мысалдар келтіріп, бүгінгі күнмен сабақтастырады. Тағы да өзімізде бармен көзге ұрады. Басқаруды ұйымдас-тырудың әдістемесінде әр басшының міндеті сараланады, орындаушының атқарар ісі, теория мен өмір шындығы қатар келіп нақтыланады.

Әлбетте, көлемді еңбекті шағын мақалада жіліктеп шыға алмайтынымыз рас. Парақтап отырғанда олқылықтардың ойсыраған орны толатынына көз жеткізесің. Жеткізесің де, риза боласың. Білімді басқару үшін білігің мықты болмаса, ой-өрісінді кеңейте алмайтының белгілі. Бағың жанып, басшы болғаныңмен сан түрлі мамандық иесінің тілін тауып, үлкен шығу оңай емес екен-ау дейсің. Абыройсыздық сондайдан болатынын аңғарасың. Одан арылу жолы: теория мен тәжірибені жарасымды жалғасаң ғана қонған бақ ауып емес, тауып қонғанын зерделейсің. Ғалымның ұзақ жылдар бойы зерттеп, ой таразысынан тиянақты өткізген кітабы – қолдан түспес нағыз оқу құралы екені сөзсіз.

Жалпы, ғалымның қай зерттеуін зерделесең де, ел адамы ретінде парасат биігінен бағыт береді: «тілінді біл, ұлттық менталитетіңнен көз жазып қалма, құбыласы қырық құбылған жаһандану кезіндегі мәңгілігің – халықтық қалыбың, салт-санан, ұлттық мөлдір ой әлемің» дейді.

«Дандайсысаң – даңқың мен дақпырттың құрбаны боласың, кісілікпен жүрсең – қателік сенің құрбаның болады» деп ұлт батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, байлыққа емес, елдікке ұмтылайық. Ұрпағымыз халқының мәртебесін биіктерге көтерсін», – депті бір толғау мақаласында ұлтын ұлықтаған профессор. Ақиқат сөзге алып-қосарымыз жоқ...

ENBEK.KZ

Жұмыссыздық әлі де күн тәртібінде тұрған өзекті тақырып. Осы мәселенің түйінін шешу мақсатында құрылған Халықты жұмыспен қамту орталығы жүйелі жұмыстар атқарып келеді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мәселен, мекеме қалада бос жұмыс орындары жәрмеңкесін жиі ұйымдастырады. Сондай-ақ, басқарма мамандары жұмыс іздеп жүрген жандарға түйіндемені қалай толтыру керектігін, оны мекеме-кәсіпорындарға қалай өтімді етіп ұсыну жолдарын үйретеді. Сонымен қатар, «бізге келіңіз, жұмыс бар» деп шақыратын кәсіпорындар мен мамандық түрлерін жалпыға қолжетімді ақпарат ресурстарына, газет, сайттарға, оның ішінде Enbek.kz порталына жүйелі түрде жариялап отырады. Айтарлықтай нәтижелер бар. Мәселен, былтыр Алматы бойынша 19 125 жұмыссыз азамат тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Ал биыл жыл басынан бері 2500-ден астам адам жұмыс тапқан. Одан тыс, әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарға тартылып, отбасылық-тұрмыстық жағдайын жақсартып жатқан азаматтар да көп.

Жалпы, еңбек нарығында қызмет көрсету саласы мен құрылыс мамандарына сұраныс жоғары. Атап айтсақ, сатушы, тігінші, менеджер, мерчендайзер, кассир, контролер, күзетші, құрылыс жұмысшыларын, бетон құюшы, жол жұмыскерлерін, жүргізуші, кондитер, аспаз, даяшы, жүргізушілер іздейтін мекемелер көп. Одан соң технология саласы бойынша программистерге, жүйелік администраторларға сұраныс бар. Қалада кейінгі уақытта балабақшалар көптеп ашыла бастағандықтан тәрбиешілер де керек. Ал ірі

Марат ХАСЕНОВ, жас педагог:

ЖҰМЫСЫҢНАН ШАБЫТ АЛУ БІР ҒАНИБЕТ

Бойымдағы бар жақсыны білімге құштар өрендерге сарқып бергім келіп тұрады



компаниялар есепші, қаржы мамандарын көбірек іздейді. Ең жиі жұмыс ұсынатын және «екі қолға бір күрек іздеп» жүрген адамдарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететін мекемелер туралы айта кетер болсақ, олардың қатарында «Магнум», «Сулпак», «Ақсай нан», «Дастархан», «Обис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және «Алматы жылу жүйесі» АҚ мен «Алматыэлектротранс» бар.

Біз алыстан емес, үйінде отырып-ақ мемлекеттік Enbek.kz сайты арқылы Алматыдан тұрақты жұмыс тапқан жас маман Марат Хасеновты сөзге тартқан болатынбыз.

– Осы қаладағы консерваторияны бітіргенмін. Ел жақта, Қызылорда облыстық мәдениет үйінде біраз жұмыс істеп келдім. Басымыз жас дегендей, үлкен қалада бағымды сынап көрмекке Алматыға табан тіреген болатынымын. Әрине, бастапқыда жұмыс

таппасам қалай болады деген аздаған қорқыныш болды. Бірақ табиғатымнан тәуелсіз адам болғандықтан, сенімге, дипломыма көбірек иек арттым.

Жасыратыны жоқ, жарты жылдай жұмыссыз жүріп қалдым. Мамандығыма сай жұмыс таппадым. Бұрынғы жұмысымды Enbek.kz сайты арқылы тапқан болатынымын. Бұл жолы да сол мемлекеттік порталға жүгіндім. №72 жалпы білім беретін мектептің музыка пәні мұғалімі вакансиясы табыла кетті. Әңгімелесуге шақырды, келдім, қабылдандым. Жаңа оқу жылынан бері осында еңбек етіп жүрмін. Ұжымға сіңісіп кеттім. Бәрінен де таңертең кішкентай достарыма асығып жетемін. Қазіргі балалар баяғы біз сияқты емес, ойын, пікірін, жақсы көріп тұрғанын ашық білдіреді. Бәрі сені есіктен көргеннен жапатармағай жүгіріп келіп, құшақтап, біз сізді сағындық деп амандасқанда, елжіреп кетесің. Жұмысыңнан шабыт алудың өзі бір ғанибет! Бойымдағы бар жақсыны сол арманың, білімге құштар өрендерге сарқып бергім келіп тұрады, – дейді тоғыз аспапта еркін ойнайтын жас маман, музыка педагогы Марат Балтабайұлы.

Айтпақшы, Марат айналасында жүрген бірнеше жігітке жұмысты таныстарын жағалап емес, Enbek.kz сайты арқылы іздеуге кенес беріп жүргенін және бірнеше танысы жұмысты солай тапқанын да айтып қалды. Иә, іздеген адам – табады.



KITF-2023

АЛМАТЫ – АБСОЛЮТТІ КӨШБАСШЫ

Шаһарда «Туризм және саяхат» атты KITF-2023 халықаралық көрмесі ұйымдастырылды

(Басы 1-бетте)

«Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі және келген шетелдік туристер саны бойынша абсолюттік көшбасшы. Қала іскерлік, экологиялық, мәдени-этнографиялық, тау шаңғысы туризмін, сондай-ақ отбасылық демалысты дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Қазақстанға келген әрбір екінші шетелдік туристің Алматыға келетінін айта кету керек. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша қалада туристердің жалпы саны 774,2 мыңнан астам адамды құрады. Өткен жылмен салыстырғанда, 1,5 есе өсті. Ішкі туристер 1,4 есе ұлғайған кезде шетелдік туристер санының 2,8 есе өсуі үлкен байқалды. 2023 жылға қарай 2,3 млн турист тартуды жоспарлап отырмыз», – деді «Kazakhstan Tourism» Ұлттық компаниясы» басқарма төрағасы Талғат Аманбаев.

KITF халықаралық көрмесі елімізде 2001 жылдан бері өтіп келе жатыр. Сондай-ақ, Орталық Азиядағы ең ірі салалық B2B іш-шарасы. Жыл сайын көрмеге қатысушы мемлекеттер мен компаниялардың қатары көбейіп келеді.

«Көрмеге осымен бірнеше рет қатыстық. Қазақстандағы әріптестерімізбен тығыз байланыстамыз. Бізге Алматы қаласы ұнайды. Харватия көлемі жағынан кішкентай мемлекет. Дегенмен, 3 климаттық белдеуі бар. Бізде тау, теңіз, үлкен орман, тропикалық аймақ бар. Туризмнің 70%-ы теңіздің арқасында дамып келеді. Жазғы шомылу кезінде халықтың да қарасы қалыңдайды. Осындай көрмелердің арқасында екі елдің туризмін одан әрі дамыды деген сенімдемін», – дейді Хорватия туристік орталығының директоры Райко Ружичка.

Көрме барысында еліміздің туристік компаниялары шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасты. Келушілер шетелдің мәдениетімен, әсем жерлерімен де таныс болды. KITF Travel Fest саяхатшылар форумы, «Тұрақты жоспарлау Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың негізі» тақырыбындағы халықаралық семинарлар ұйымдастырылды.

«Біз осы көрмеде компанияның атынан Жапонияны таныстырып жатқанымызға 4 жылдан астам уақыт өтті. Кейінгі уа-



қыттарда Қазақ жерінен саяхаттап келетін туристердің саны артқан. Жапон халқының да қазақ жеріне саяхаттап барып жатқанын көреміз. Осылайша екі ел арасындағы байланыс нығайтып, екі халық-

тың мәдениетімен таныс болған адамдардың да саны артып келеді. Қарап отырсақ, саяхатшылар көктем мезгілінде екі ел арасында қатынайды. Оның басты себебі сіздерде Наурыз мерекесі тойланса, бізде сақураның гүлдеген кезеңіне сәйкес келеді», – дейді менеджер Сумидо Сей.

Отандық туристік нысандар дағдарысты еңсеру бойынша практикалық кейстермен және осы кезеңде бизнесті дамыту жолдарымен бөлісті. KITF көрмесінің іскерлік бағдарламасы Туризм үшін ең өзекті мәселелерді қозғады. «Дөңгелек үстелдер», тұсаукесерлер және тақырыптық семинарлар ұйымдастырылды.

«Алматыда ұйымдастырылып жатқан көрмеге қатысқанымызға көп жыл болды. Дегенмен, 2018 жылдан бастап Түркістан өз алдына қала болғандықтан туризмге көңіл бөліне бастады. Мәдени нысандардың арқасында туризмге деген көзқараста өзгере бастады. Туристік инвестициялық жобалар жүзге асырыла бастады. Саяхатшылардың да саны арта бастады. 2022 жылы 252 мың турист келген. Жыл сайын саяхатшылардың саны артып келеді. Бұл дегеніміз, туристердің қызушылығы Түркістанға арта бастағанын көрсетеді. Бізде тарихи, мәдени ес-

керткіштер өте көп. Бұдан бөлек, емдік сауықтыру орындарында айта кетсек болады», – дейді Түркістан облысы Мәдениет және туризм басқармасының басшысы Нұрділет Медеуов.

Еліміздің әр өңірінен келген мамандар шетелдіктерге қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін таныстырды. Отандық және шетелдік ірі туркомпаниялар мен салалық қауымдастықтар тәжірибелерімен және жоспарларымен бөлісті.

«Біз Алматы облысы Қонаев қаласының әсем табиғатын таныстыру мақсатында қатысып отырмыз. Сондай-ақ, қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанда қалай өмір сүргендігін «Ғұндар» этноауылына шақыру арқылы көрсетіпміз. Бұл жерден әр ауылдан жиналған қыз-жігіттердің өнерін көруге болады. Яғни «Жігіттік өнер (Джигитовка)», «Ашамайға мінгізу», «Қыз қуу», «Көкпар» ойындарын көрсетеміз. Бұдан бөлек, конкурстан өткен жастар «Сарбаз рухы» командасына қабылданады. Ол жерде халқымыздың ұлттық болмысын бойына сіңірген жастардың басын қосамыз», – дейді «Ғұндар» этноауылының жетекшісі Айша Шәкенова.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрында «Еңлік-Кебек» трагедиясының премьерасы өтті. Қойылымға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов қатысты. Спектакль Шәкәрімнің шығармасы негізінде жазылған Мұхтар Әуезовтің туындысы бойынша сахналанды.

Қойылым тау бөктеріндегі абыздың ел тыныштығын ойлап, күңіренген жырларымен басталады. Бұдан кейін ерке Еңлік пен аңғал інісі Жапал тау-тастың арасында ән айтып жүреді. Кенеттен аң қуып бара жатқан жігіттің дауысын естіп, Еңлік оның олжасын атып түсіреді. Кебек пен Еңлік осылай кезігіп, бір-біріне ғашық болады.

Бір аптадан кейін сол таудың маңында кездесуге уағдаласады. Дегенмен, Еңліктің сұлуға Матай руының батыры Есен де сезімін білдіреді. Алайда, Еңлік Есенге деген сезімі жоқ екенін жеткізуге тырысады. Осылайша таудың етегінде махаббат үштігі кездесіп, батырлар жекпе-жекке шығады. Еңлік батырларға тоқтау салып, өз сөзін айтады. Осы кезде Еңліктің сұлу ғана емес, ержүрек, сөзге шешен екенін байқаймыз.

Спектакльде Кебектің рөлін Әділет Базарбайұлы, Еңлікті Захира Рахымжан ойнады. Қойылымды қарап отырып абыздың рөлін Бекжан Тұрыстың шебер сомдағанын байқауға болады. Әр сәтінде елдің тыныштығын сақтауға тырысады. Дегенмен, тағдырдың жазғанынан ешкім де құтыла алмайды. Қос ғашық Еңлік пен Кебек күндердің бір күнінде қашып кетеді.

Екінші бөлімі Тобықты руындағы халықтың мазасыздығымен, «қара бет болдық, ұятқа қалдық» деген сөздермен басталады. Араздыққа сылтау табылып, Есен Еңлікті даулап Тобықты руына барады. Жағдайды шешуге билер кеңесінің отырысы өткізіледі. Матай руының дауын даулап Еспенбет би (рөлді Болат Әбділманов сомдайды) сөз бастайды. Көбей бидің рөлін Ерлан Біләл ойнайды. Тобықтының атынан қос ғашықты аман сақтауға, орнына мал, байлықпен алмасуға сөз байласады. Десе де, қара ниетті, қандықол Есен батыр Еңлік пен Кебектің өлімін тілейді. Әйтпесе, екі ру арасындағы жауластық соғысқа ұласатынын хабарлайды. Осылайша Есен ба-

ҚОС ҒАШЫҚ – САХНАДА

«Еңлік-Кебек» трагедиясының премьерасы өтті



тыр руластарын ертіп Еңлік пен Кебек тығылған үңгірді табады. Бұл кезде екі ғашықтың нәрестесі дүниеге келген еді. Өлім жазасына кесілер сәтте Еңлікке үш тілегін айтуға рұқсат беріледі. Бірінші – Кебекпен қоштасуын, екінші – бірге жерлеуін, үшінші – нәрестесін аман алып, Кеңірбай байға табыстауын өтінеді. Бұл тілектің екеуі орындалады. Еңлік пен Кебек бірге жерленеді. Екеуінің өлімінен кейін жартастағы бала жоғалып кетеді. Спектакль осылайша әсерлі аяқталады.

«Маған қойылым ұнады. Сахна да өте жақсы безендірілген. Қойылымның екінші бөлімі басқаша өрбіді. Билер кеңесін-

де сөйлеген сөздері бірінен-бірі өтеді. Бейнебір билердің ортасында отырғандай сезінесің. Осыған қарап-ақ қазақ ауыз әдебиетіміздің мұрасы бай екенін аңғаруға болады. Абай атамыздың «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл. Сүйісер жастар қате етпес, Мейлің илан, мейлің күл» деген сөздері ойыма оралды. Расымен-ақ, ғашықтар қай заманда болмасын өз махаббатына адал болған. Қойылымды көріп отырып өне бойым шымырлай жөнелді», – дейді Әсел Рузібай есімді көрермен.

Бетті әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



«WORLD SKILLS ALMATY-2023»

БІЗ ЖАСТАРҒА СЕНЕМІЗ

Алматы колледждері арасында өткен чемпионат мәреге жетті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала төрінде «WorldSkills Almaty-2023» VIII өңірлік чемпионатының жеңімпаздары мен қатысушыларын ресми марапаттау рәсімі өтті. Жарыс қорытындысында 165 жастың мерейі үстем болды. Жеңімпаздарды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова салтанатты түрде құттықтады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Еске сала кетейік, қаламызда орналасқан 85 колледждің ішіндегі жұмысшы мамандықтарын оқытатын 21 колледж арасында «WorldSkills Almaty-2023» аймақтық кәсіби шеберлік чемпионаты өткен болатын. Чемпионаттың мақсаты – «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асыру аясында «WorldSkills International» құзыреттілігін, «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық қозғалысын қолдау және жұмысшы мамандықтарының беделін

билдерді жөндеу және қызмет көрсетуге маманданатын бағыттар қамтылған болатын.

Аталған өңірлік чемпионаттың тағы бір ерекшелігі – «DeafSkills» және «Абилимпикс» бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетілді.

Биылғы чемпионат білім беру, өнер және гуманитарлық ғылымдар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, инженерлік, өңдеу және құрылыс, қызмет көрсету саласы сынды жеті бағыт бойынша өтті.

ретте қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына кәсіптік-техникалық білім беру орындарының да өзіндік үлесін қосып жатқанын атап өткен дұрыс. Біз, қала әкімдігі мен қалалық Білім басқармасы өкілдері бірлесіп бірқатар колледжде болып, олардың тыныс-тіршілігімен жақын таныстық. Сонда жастардың көзінен таңдаған мамандығына деген сүйіспеншілігін, оқуға, кәсіп игеруге деген ерекше құлшынысын көрдім. Олардың кәсіптік мамандықты жүрек қалауымен таңдағанын, еліме бірдеңе берсем деп ниеттенген риясыз көңілдерін байқадым. Сондықтан олардың болашағына сенемін. Чемпионаттың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін, сондай-ақ олардың тәлімгерлерін тағы да шын жүректен құттықтаймын. Республикалық және халықаралық аландарда одан әрі жеңістер тілеймін, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Сонымен, кәсіби шеберлік сынға түскен биылғы чемпионатта «Алматының ең үздік колледждері» атағын иеленген оқу орындары: 1-орын – Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі; 2-орын – Алматы құрылыс-техникалық колледжі; 3-орын – Алматы көпсалалық колледжі; 4-орын – Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі; 5-орын – Орталық Азия техникалық-экономикалық колледжі.

Сахна төріне жүзі балбұл жанған көркем, білімге құштар жеңімпаз студенттер мен оқытушылары көтерілді. Оларға қаржылай сыйлықтар, дипломдар табыс етілді. Сондай-ақ, марапаттар ішінде жүлдегерлердің Алматы қаласының жетекші компанияларына жұмысқа тұруына кепілдік беретін «алтын сертификаттар» бар.

Сарапшы ретінде 500-ге жуық тәжірибелі өндірістік оқыту шебері, арнайы пән оқытушылары мен жұмыс берушілер тартылған өңірлік чемпионаттың жеңімпаздары биылғы 24–26 маусым аралығында Астанада өтетін «WorldSkills Kazakhstan-2023» республикалық чемпионатына қатысады. Ал халықаралық чемпионат қыркүйекте Польшада өтеді. Жастарымызға сәттілік тілейміз.

– Құрметті жас достар! Біз сіздермен тағы да қауышып отырғанымызға қуаныштымыз. Былтыр бұл чемпионатқа 350 жас қатысқан болса, биыл олардың қатары 380-ге толықты. Бұл өте қуанарлық жағдай. Алматы қаласының колледждері биыл да WorldSkills халықаралық қозғалысын қолдауға деген ынтымақшылығын байқатты. Ал чемпионат алаңдарында өз ісінің нағыз шебері ретінде көрсете білді. Осы



көтеру, шеберлік дағдыларын дамыту. Жарысқа 53 құзыреттілік бойынша 380-ден астам студент қатысып, графикалық дизайн, кірпіш қалау, сылақ жұмыстары, сантехника, кескіндеме және сәндік жұмыстар, бизнеске арналған IT-шешімдер, CNC станоктарында жұмыс істей алатын токарлар, САД инженерлік графикасы, сонымен қатар тоңазытқыш және желдету техникасына қызмет көрсету, жеңіл автомо-

РАМАЗАН-2023

«ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ 200 СҰРАҚ»: оқырмандар назарына ораза айт пен шәууәл айы жайлы мағлұмат беретін топтаманы ұсынамыз

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Ораза айт – мұсылмандардың ұлы мейрамы. Биыл 21 сәуір – Ораза айт мерекесі. Шариғат бойынша отыз күн ораза біткеннен кейін шәууәл айының бірінші күні ораза айт болып есептеледі. Ескере кететін жайт, ораза айт – бір күн. Алайда, халық арасында қалыптасқан әдет бойынша үш күнге дейін дастарқан жайылып, айттаумен жалғасын табады. Айт намазына дейін әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларының да мереке күндері дастарқан жайып, халықпен бірге қуанулары үшін пітір садақалары таратылады. Араздасқандар татуласады.

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Соңы. Басы өткен сандарда)

● Ораза айт күні қандай амалдар жасалады?
● Ораза айт күні айт намазына дейін пітір садақасын беріп үлгеру керек. Намазға шығар алдында ғұсыл құйынып, әтірленіп, жаңа киім киіп, құрма жеп, қуаныш пен шаттық көңіл күймен тәкбір (Аллаһу әкбар) айтып мешітке барады. Айт намазын оқиды. Ораза айт кезінде мұсылмандар бір-бірін құттықтап, мерекелік дастарқан жайып, туыстар мен дос-жарандарды қонақ етеді.

● Ораза Айт мерекесі күні сәресіге тұрып, ауыз бекіту қажет пе?

● Мұсылмандар арасында Ораза айт намазына бару кезінде әдеттегідей сәресі ішіп, ауызды бекітіп бару керек деген түсінік кең тараған. Алайда, айт күні рамазандағыдай сәресі ішудің қажеті жоқ. Керісінше, айт намазына шығарда тақ етіп бір, үш, бес, жеті құрма жеп шығу Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті болып табылады.

● Айт күндері ораза ұстауға бола ма?

● Ораза айттың бірінші күні және құрбан айттың төрт күнінде ораза ұстау – тахриман мәкрұһ. Өйткені, бұл Алланың бізге сыйлаған мерекесі, тойлау және қуаныш күндері. Бұл күндері ораза тұту күнә болғанымен, оразасы жарамды. Егер осы күндері ұстаған оразасын бұзса, қаза өтеуі керек емес. Ал оразаның қазасын айттан кейін кез келген күні, келесі жылдың ораза айына дейін өтеуге болады.

● Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.
● 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.
● Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

● Шәууәл оразасының үкімі қандай?
● Шәууәл айының оразасы нәпіл ораза болып табылады. Яғни мұны ұстау ешкімге міндет емес, адамның өз ықтиярында. Дегенмен, мұны ұстамаған жан Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде айтылған бір жылдық оразаның сауабынан құр қалады.

● Шәууәл оразасының сауабы қандай?

субтитрами на русском
08.00 «OZAT OTBASЫ»,
ток-шоу
08.50 «КТКweb» (қайталау)
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
(повтор)
10.00 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ»,
шоу-программа
«ТАНЦЫ В ТЕМНОТЕ»,
детективная мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
11.20 «ҰРЫ», көркем фильм
(өзбек худ.фильм)

17.00 «ҚАҢҒЫБАС», көркем
фильм (өзбек худ.фильм)
19.00 «АЛДАРАСПАН»
21.00 «ВТОРАЯ ПОПЫТКА»,
мелодрама. Премьера!
(худ.сериал)
00.50 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-
программа (повтор)
02.00 «ҰРЫ», көркем фильм
(өзбек худ.фильм)
(қайталау)
03.35-
04.30 «OZAT OTBASЫ»,
ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасы.
1/4 финал. «Бавария»
(Германия) – «Манчестер
Сити» (Англия)
09.05 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ
09.45 Еркін күрестен Азия
чемпионаты. Финал (57
кг, 65 кг, 70 кг, 79 кг, 97 кг)
12.25 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
12.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Оқжетпес» –
«Шахтер». Тікелей эфир
14.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Жетісу» –
«Қызылжар». Тікелей
эфир
16.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Мақтаарал»
– «Ордабасы». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Атырау» –
«Актобе». Тікелей эфир
21.00 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.30 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
22.00 MMA. «ALASH PRIDE 80»
00.50 «PRO HOCKEY».
3-шығарылым
01.20 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
8.00 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
8.25 «Әтеш Брустер»
Мультхикая.

8.50 «Көк орманның еркелері»
Мультхикая.
9.15 «Ойна, ойла!» ойын-
сауықтық бағдарлама
9.40 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
10.20 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
10.45 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.55 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
11.05 «Күпия кітап» ситком.
11.30 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.40 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
12.10 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
12.25 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
12.35 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.50 «Аға болғым келеді»
ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.30 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
13.45 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
14.10 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере»
ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
15.20 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен Серке»
16.10 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
16.25 «Әтеш Брустер»
Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
17.20 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
17.35 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
18.10 «Аға болғым келеді»
ситком.
18.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.40 «Көк орманның еркелері»
Мультхикая.
19.05 «Күпия кітап»
ситком.
19.30 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
19.55 «Саммер мен Тодд,
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
20.45 «Ойна, ойла!» ойын-
сауықтық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком

21.35 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
22.30 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
22.45 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен Серке»
23.20 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
23.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы




ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Лестница в небеса»
телесериал
12.20 «Осман» түрік
телехикаясы
13.20 «Жұлдызбысың?»
14.50 «АШЫ ШЫНДЫҚ»
тележоба
17.00 «Танцуй, Танцуй»
Индийское кино
20.00 «SagarTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Осман» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
жобасы
01.50 «Жұлдызбысың?»
бағдарламасы



TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Тастандылар – қ.м. ф.
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғиبراتты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.10 «Біздің жануя» –
мультфильм
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Жырма бесінші сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Өнер қырандары
16.00 Ұлттық спорт – Самал
жел
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.15 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 YouTube Times
22.30 Orkeni style
22.55 Views



ЖЕКСЕНБІ
30 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
12.30 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
02.00 Мужское кино
2.50 Алматинские истории
3.15 Алматинские каникулы
3.25 Алматы кеші
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
«AQSAŪYT»
8.20 «Көңіл толқыны»
8.40 «Махаббат тұтқыны».
Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
13.50 Дисней ұсынады.
«Көкке». Мультфильм
(АҚШ, 2009 ж.)
15.15 Ақбота Керімбекованың
концерті
17.35 «ӨЗЕКТІ»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 «ГАУҺАРТАС». Мәдени-
танымдық бағдарлама
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
1.30 «Ақсауыт».
(8-бағдарлама)
1.50 «Күміс көмей». (Сыр елі)
2.35 «Жәдігер»
3.00 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Қазақ қызға
үйленем» Төреғали
Төреәлі
08.00 «Таңбалы тарих –
таңдаулы тұлға»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мегахит.
«Средь бела дня»
12.00 Мультфильм.
«Отважный рыцарь»
13.15 Мультсериал.
«Десять друзей кролика»
13.30 «Балақай»
14.15 «Эрекет»
14.45 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 «Жайдарман»
17.30 «Маска»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 «Киноман»
22.45 Мегахит. «Коломбиана»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» прямой эфир

09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Митхун
Чакраборти в драме
«Танцор диско» (повтор)
13.35 Анимационный фильм
«Храбрая сердцем»
(повтор)
15.45 КИНО. Мена Массуд,
Уилл Смит в фэнтези
«Аладдин» (повтор)
18.50 КИНО. Дольф Лундгрэн,
Тони Джа в боевике
«Работоторговля»
21.00 КИНО. Марк Уолберг,
Джейсон Стэйтем в
боевике «Ограбление
по-итальянски»
23.30 «Алдараспан»
02.00 Тамаша live
02.30 Әзіл студия
03.00 1001 Әзіл
03.30 Ризамын
04.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.15 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.10 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
«ПРОУЮТ»
9.05 Елена Панова, Юрий
Беляев, Сергей
Чонишвили в фильме
«ЖЕНСКАЯ РАБОТА С
РИСКОМ ДЛЯ ЖИЗНИ»
11.30 «QAIYMAQ»
12.05 «ДЕВУШКА СРЕДНИХ
ЛЕТ». Многосерийный
фильм
15.30 Премьера. Дарья
Пармененкова, Кирилл
Запорожский в
многосерийном фильме
«ТАНГО ДЛЯ ОДНОЙ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Дарья Калмыкова,
Проход Дубравин
в многосерийном
фильме «ПУАНТЫ ДЛЯ
ПЛЮШКИ»
0.45 Премьера.
«ТРИ АККОРДА»
2.25 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 4.55

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
07.30 Әзіл time
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский
парк»
12.00 Шоу «Маска»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Әзіл time
17.10 Х/с «Честная игра»
21.00 Х/с «Кукольный домик»
01.00 Т/п «Құтты қонақ»
01.30 Jaidarman
02.20 Т/п «Келесі кім?»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «АЛДАРАСПАН»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-
программа
10.30 «ВТОРАЯ ПОПЫТКА»,
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
14.30 «ҚАРТТАР ҮЙІ», көркем
фильм (өзбек худ.фильм)
16.10 «ҚАЙСАР ҒАШЫҚТАР»,
көркем фильм
(өзбек худ.фильм)
18.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»,
ән-шашу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым

22.00 «ЛЮБОВЬ НА
МИЛЛИОН»,
казахстанское кино
(худ.фильм)
23.40 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-
программа (повтор)
01.30 «ҚАРТТАР ҮЙІ», көркем
фильм (өзбек худ.фильм)
(қайталау)
03.00-
04.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
Лигасы. 1/4 финал.
«Спортинг» (Португалия)
– «Ювентус» (Италия)
09.10 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
09.45 «PRO FOOTBALL». Лига
Европы и Конференций
УЕФА. 1/4 финал
10.15 Еркін күрестен Азия
чемпионаты. Финал
(61 кг, 74 кг, 86 кг, 92 кг,
125 кг)
12.50 «PRO HOCKEY». 3-
шығарылым
13.25 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
13.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Ақсу» –
«Тобыл». Тікелей эфир
15.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Тұран» –
«Каспий». Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Республикасының
Кубогы. Қарымта матч.
1/8 финал. «Қайсар» –
«Астана». Тікелей эфир
21.55 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
22.25 Арнайы репортаж
22.45 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Мейірім Нұрсұлтанов
(Қазақстан) – Кадзато
Такесакко (Жапония)
01.10 «PRO FOOTBALL». УЕФА
Чемпиондар лигасы.
1/4 финал
01.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік
Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнікей»

8.00 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
8.25 «Әтеш Брустер»
Мультхикая.
8.50 «Көк орманның еркелері»
Мультхикая.
9.15 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
9.40 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық
/ «Ежелгі қалаларға
саяхат»
10.20 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
10.45 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.55 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
11.05 «Құпия кітап» ситком.
11.30 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.40 «Зузудың достары»
Мультхикая.
12.10 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
12.25 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
12.35 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.50 «Аға болғым келеді»
ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.30 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
13.45 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
14.10 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере»
ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнікей»
15.20 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
15.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
16.10 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
16.25 «Әтеш Брустер»
Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық
/ «Ежелгі қалаларға
саяхат»
17.20 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
17.35 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
18.10 «Аға болғым келеді»
ситком.
18.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.40 «Көк орманның еркелері»
Мультхикая.
19.00 «Құпия кітап» ситком.
19.30 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
19.55 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.

20.45 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
21.30 «Зузудың достары»
Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
22.30 Анимация. Отандық /
«Балалар ізі»
22.45 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
23.20 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
23.40 Анимация. Отандық
/ «Ежелгі қалаларға
саяхат»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Лестница в небеса»
телесериал
12.20 «Осман» түрік
телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.00 «Ва-банк» Худ.фильм
19.15 «Тойхана» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «1bol»
00.30 «Ва-банк» Худ.фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» –
Балалар уақыты
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының
классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 7 келін – 1, 2 серия
13.24 Dental planet
13.30 7 келін – 3–5 серия
14.50 Ұлт саулығы
15.00 7 келін – 6, 7 серия
16.15 ТамашаLike
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Фибратты ғұмыр
22.10 Шымкентский вариант
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«ГАУҺАРТАС»
Мәдени-
танымдық
бағдарлама.
«ҚАЗАҚСТАН»
арнасы.
Сағат 20.50-де.

ГАУҺАРТАС

МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМА

20:50

БҮГІН



РАМАЗАН – 2023



ОРАЗА АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін ұлық мейрам – Ораза айт барша мұсылман үшін ғажап күн

Ораза айт мейрамында жүрекке мейірім толып, кеудені қуаныш кернейді. «Айт» сөзінің мағынасы – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа жиналу» дегенді білдіреді.

Ислам ғұламалары қалдырған тарихи деректерде Ораза айт 624 жылдан бері аталып өтеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла Құрбан айт пен Ораза айттың адамдар үшін қайырлы етті» деген.

Ораза айт – бір ай бойы ауыз бекітіп, ықыласпен жақсылық жасаған адамның құрметке, марапатқа не болатын уақыты. Алла Тағала: «Мен парыз еткен оразаны пенделерім өтеп, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді екен.

Биыл Рамазан айы 20 сәуірде аяқталды. Ертең, 21 сәуір – Ораза айттың бірінші күні. Мейрам 21–23 сәуір аралығында 3 күнге дейін созылады. Бұл күндері елімізде ресми демалыс қарастырылмаған. Отыз күндік оразадан кейінгі бұл мерекені халқымыз қашанда ерекше сезіммен, зор қуанышпен қарсы алған.

Ораза айтта не істеген жөн?

Ораза айттың алғашқы күні мешіттерде жамағатпен айт намазы оқылады. Әр мұсылман айт намазына жуынып-шайынып, дәрет алып, ең әдемі әрі таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп барады. Сондай-ақ, мешітке бармас бұрын бір-екі құрма жеп, дәм ауыз тиген абзал. Бұл оразаның аяқталғанының белгісі. Егер кімде-кім пітір садақаны беріп үлгермесе, Ораза айт намазы оқылғанға дейін беріп тастауы қажет. Айт намазынан кейін берілген пітір садақа жай садақа болып қалады. Биыл пітір садақаның мөлшері – 535 теңге.

Айт күні ауыз бекітуге бола ма?

Хадистерде: «Алла елшісі адамдарға Ораза және Құрбан айт күндері ораза ұстауға тыйым салатын» деп айтылған. Сондықтан Ораза айттың бірінші күні мұсылмандар ораза күні сияқты сәресін ішпейді, күндіз ауыз ашық болады. Рамазан айынан қалған қаза оразаны айттың екінші күні, яғни 22 сәуірден бастап ұстай беруге рұқсат етіледі.

Ораза айт қалай тойланады?

Ораза айт мейрамында әрбір мұсылман отбасында шелпек, бауырсақ пісіріліп, мерекелік дастарқан жайылады. Туған-туысқан, көрші-қолаң бір-біріне қонаққа барып, Айт мерекесімен құттықтайды, сыйлық береді. Ренжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап, өкпе-назын ұмытады. Дәстүр бойынша бұл күні мұсылмандар бір-біріне «Ораза айт қабыл болсын» деп жылы лебіздерін білдіреді.

Ораза айт – отбасылық мереке. Айт күндері ата-анамызды, бала-шағамызды, ұлқыздарымызды, аға-бауырларымызды, туыстарымызды қуанышқа кенелтіп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен мүгедек жандарға көмектесудің сауабы мол.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

САУАЛНАМА

АЛЛАНЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН НЫҒМЕТІ немесе пітір садақа беріп үлгердіңіз бе?

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы биылғы пітір садақаның мөлшерін 2 келі ұнның нарықтағы орташа бағасымен есептеп, 535 теңге болып бекітілгенін бұған дейін хабарлаған болатын. Иә, қазір бидайдың өзі емес, оның ұн, талқан секілді өнімдері кеңірек қолданылады. Сол себепті, діни басқарма пітір садақаның құнын үнмен есептеуді негізге алған болатын. Өйткені, шариғатта бидаймен қатар оның өнімдерімен де пітір садақа беруге рұқсат етілген. Міне, Рамазан айы да аяқталды. Пітір садақаңызды беріп үлгердіңіз бе?

Аида АРАЛБАЙҚЫЗЫ,
тәрбиеші:

ӨЗ ТУЫСЫҢНАН БАСТА

Отағасымның жездесінің жақын туысының кішкентай баласы аурушаң еді, сол баланың еміне қаражат жинап жатыр екен. Туыскандардың ортақ чатына «Рамазан айындағы пітір садақамызды сол кісіге жинап берсек» деген өтініш түскен-ді. Бірауыздан сол отбасына аудардық. Шариғатта да айтылған ғой, садақаны жағдайы төмен өз туған-туыстарыңыздан баста деп. Пайғамбарымыздың бір хадисінде «Садақаны туысына берген адамға екі сауап бар: бірі – туыстық сауабы, екіншісі – садақа сауабы» делінген екен. «Тамшыдан – теңіз» дегендей, дәмкәс бала аяқтан тұрып кетіп жатса, одан асқан сауап болмас біз үшін!

Айнұр НҰРЖАН,
кәсіпкер:

САДАҚА БЕРУ – ШҮКІРЛІК ЕТУ

Иә, әр мұсылманның парызы болып саналатын пітір садақаны биыл да бердік. Отбасылық шағын бизнесіміз бар. Жұмыскерлеріміздің дені ата-анасынан, отбасынан жырақта жүрген дипломсыз жастар, оқуда жүрген студенттер. Күйеуім биылғы пітір садақаны сол жастарға артығымен таратып берді. Жалпы, садақа беру – шүкірлік ету. Алланың бізге берген нығметін сезіну деп білемін өз басым.

Арсен САТЫБАЙ,
такси жүргізуші:

ҰЛЫММЕН БІРГЕ БАРДЫМ

Мен жұма намазынан қалмай, мешітке баратын мұсылмандардың бірімін. Шыны керек, кейде мешіт алдына көлігінді қоятын орын таппай қиналсаң да, «Алла үйінің алдында тұрмын ғой» деп өзіңді ашуға бой алдырмауға, сабырға шақырасың. Исламның



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

САДАҚА БЕРУ:

- ризық-несібенізді арттырып, табысқа жетелейді;
- күнәларды жояды;
- ауру мен келер апаттан қорғайды;
- мұқтаждарды қуанышқа бөлейді;
- қабір азабынан сақтайды.

өзі адамды тәрбиелейтін үлкен құрал ғой түсіне білген адамға. Пітір садақамды мешіт жәшігіне апарып салдым. Және сол күні жаным кішкентай ұлымды ертіп алдым. Садақаның не екенін, мән-маңызын ұқсын, сезінсін деп. Балалар мейірімді, қайырымды болып өссе, қарттығымызға алаңдауға еш негіз жоқ деп білемін.

Талшын АЛАНҚЫЗЫ,
көкөніс сатушы:

БАСТЫСЫ – СЕНІМ

Шыны керек, «әне берем, міне берем» деп жүріп, пітір садақамды кеше ғана салдым. Қазір банк қосымшасынан да ашып қойған ғой, қолыңыздағы ұялы телефонмен

қай түкпірде жүрсеніз де, қалаған мешітіңізге аудары қоясыз. Ең бастысы – пітір садақамды адал еңбегіммен тапқан қаражатымнан аудардым. Өткенде әлеуметтік желіде бір имамның мешіт алдында тұрып, өткен-кеткен ағайынға пітір садақа туралы құлағдар етіп тұрған видеосы тарады. Оны кейбіріміз мұнысы несі деп сынап жаттық. Меніңше, ораза айының аяқталып қалғанын, пітір садақасын беріп үлгермегендерге құлаққағыс етіп тұрған болар, онда тұрған еш сөкеттік жоқ деп ойлаймын. Садақа бізді тосын апаттардан, ауру-сырқаудан, жамандық атаулыдан сақтайды деп сенемін.

Сәрсенбай АСХАТТЕГІ,
ұстаз:

КӨРШІГЕ ҚАРАЙЛАСТЫҚ

Көршім неше жылдан бері дәмкәс бала бағып отыр. Өзі жалғыздікті әйел. Бала күннен-күнге өсіп ауырлап барады, сонда да қайран шеше баласын қоларбаға көтеріп алып отырғызып, көтеріп-түсіріп жатады. «Алла сынағын көтере алатын адамға береді» деген сөз рас-ау деп қаламын кейде. Мектеп-интернатқа өткізуге қимайды екен, әйеліме айтып жылап алатын көрінеді кейде. Алладан да қорқатын шығар, кім білген.

Пітір садақамызды көршілер болып сол әйелге жинап бердік. Жұмыстағы біраз әріптесіме де айтып, олар да есепшотына аударды. Қуанып қалыпты. Жай күндері де келіншегім тәтті, дәмдісін, жана киімдер апарып беріп жүреді. Оған қуанбасам, ренжімеймін.

Жамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ,
журналист:

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫҚ

Біз ұжымдағы еден жуатын, үш баласы бар жесір анаға жинап бердік пітір садақамызды. Әрине, басында баспанасы, жұмысы бар әйел ғой.

Дегенмен, балаларының алды 18-де екен. Қатарынан қалмай жақсы киінгісі келеді дегендей қазіргі бала. Біз сөйтіп күнделікті жанымызда жүрген әйел-ананы, желкілдеп өсіп келе жатқан балаларын қуантқымыз келді. Бар ниетіміз сол. Кеше сұрасам, «үшеуіне де өздері қалаған киімдерін алып бердім» деп қуанып тұр. Бала – періште, ал періште қуанса, әлем де қуанып тұр деген сөз.

Әрине, садақа бергенді жасырып ұстау, міндетсінбеу керек деген бар. Дегенмен, сіздің сауалыңызға орай, әрі пітір садақаны шын ықыласпен ұсынғанымызды жеткізгім келіп тұрғаны. Оның үстіне, қайырымдылық қадамдары жас ұрпаққа үлгі болуы керек.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Айт мейрамы намаз оқумен басталады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өсиетінде: «Айт күні бірінші орындайтынымыз – намаз оқу», – делінген. Айт намазы дініміздің ұраны болғандықтан, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірінде оны бір рет те қалдырмай оқыған.

Айт намазы – екі рәкат. Жамағатпен жария түрде оқылады. Азан мен қамат оқылмайды. Имам: «Екі рәкат Айт намазына ниет еттім», – деп ниет етеді. Ал жамағат: «Екі рәкат Айт намазына ниет еттім, ұйыдым имамға» деп ниет етеді. «Аллаһу әкбар» деп, ифтитах (ашу, бастау) тәкбірі алынады. Қолдар байланып, имам мен жамағат бірге құпиялай «Субханака Аллаһумма» дұғасын оқиды. Одан кейін имам жариялай, жамағат құпия түрде

АЙТ НАМАЗЫ ҚАЛАЙ ОҚЫЛАДЫ?

«Аллаһу әкбар» деп, үш рет тәкбір айтады. Әрбір тәкбірді айтқанда қолдар жоғары көтеріліп, екі жанына түсіріледі.

Әрбір тәкбірдің арасында үш тәсбих айтылатындай сәт тұрады. Үшінші тәкбірден кейін қолдар байланып, имам «Ә’узу» мен «Бисмиллаһты» құпиялай, одан кейін «Фатиха» мен қосымша сүрені жариялай оқиды. Осыдан кейін жариялай «Аллаһу әкбар» деп рүкүғ пен сәждеге барады. Жамағат та құпиялай тәкбір алып, имамға ұйиды. Содан кейін екінші рәкатқа бастайды. Имам құпиялай – «Бисмиллаһ», жариялай – «Фатиха», содан кейін қосымша сүре оқиды.

Міне, осыдан кейін осы жерде алғашқы рәкаттағыдай үш рет тәкбір алады. Бұдан кейін имам жариялай, жамағат құпия түрде «Аллаһу әкбар» деп, рүкүғ пен сәждеге барады. Одан кейін отырып, «әттаһият», «салауат», «рәббәнә» дұғалары оқылып, екі

жаққа сәлем беріледі. Яғни бұл айт намаздарының әрбір рәкаттарында үш қосымша тәкбір бар. Бұл тәкбірлер – уәжіп.

Құтпашы айт намаздарының артынан мінберге шығып, тіке тұрып, жұмадағыдай екі құтпа оқиды. Айт құтпалары тәкбірмен басталып, жамағат та осы тәкбірге жайлап қосылады. Жұма намазындағы сүннеттер мұнда да – сүннет. Мәкрүһ болған нәрселер бұл жерде де – мәкрүһ. Айт құтпасының намаздан бұрын оқылуы – мәкрүһ.

Имам бірінші рәкатта айт тәкбірлерін ұмытып, «Фатиханы» оқып жатқанда есіне түссе, дереу тәкбірлерді алып, «Фатиханы» қайта оқиды. Бірақ «Фатиха» мен Құранды оқығаннан кейін есіне түссе, тек қана тәкбірлерді алады. Қайта оқудың қажеті жоқ. Айт күні момын мұсылмандар намаздан соң бір-бірін құшақтап, құттықтайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АҚЫЛЫ РЕПЕТИТОР

бизнеске айналып бара жатқандай...

Бұрын ұстаздарымыз үлгерімі нашар оқушыларды сабақтан соң алып қалып, қосымша оқытатын. Ол үшін оларға қосымша ақы төлене ме, төленбей ме, белгісіз. Бірақ олар нәтиже үшін жанашырлықпен жұмыс жасайтын еді. Ал қазір мектептерде қосымша оқыту деген ата-ана ақысына жасалатын болды. Баланың оқу үлгерімі сәл нашарласа болды, ұстаздар қосымша оқуға үгіттейді. Оның бағасы да арзан емес. Осы ретте мектеп мұғалімдерінің оқу ордасы қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет көрсетуі қаншалықты дұрыс? Бұл қызмет оқушының білімін шыңдау емес, бизнеске айналып бара жатқандай...

Алмақтың да салмағы бар...

Әйтсе де, қазір мұғалімдер әртүрлі. Бірі шын ниетпен баламен жұмыс істеп, алға жетелесе, енді бірі бұл істі қосымша табыс көзі ретінде пайдаланып, баланың ой-өрісінің өсіп, жетілуіне жол ашпайды. Әрине, алмақтың да салмағы бар болғасын көп мұғалімдер баланы қатарға қосу үшін барын салып бағады. Ата-аналар да ақшаны желге шашқысы келмейтіні ақиқат.

Репетитордан тәлім алудың тағы бір зияны бар. Үнемі үлкендердің көмегіне сүйенетін бала өз бетімен сабақ оқуды мүлдем қояды. Өз-өзіне сенімі жоғалады. Тапсырманы орындаған күннің өзінде күмәнмен қарайтын әдет пайда болады. Репетитор тек бағыт беруші, игермеген тақырыпты үйретуші, оқу үлгерімінде қалып қойған баланы қатарға қосушы ролінде қажет.

алмадық. Сонда ол орталықтардан не пайда? Оған қоса, бала өзінің бұрыннан дәріс алып келген мұғалімімен жақсы түсініседі. Ал бала репетиторлық орталықтағы мұғалімнің тәсілін ұғынғанша да біршама уақыт өткізіп алады. Жалпы, оқушының білімін шыңдап, біліктілігін арттырып жатса, ондай репетиторлық орталықтарға қарсылық жоқ. Бірақ мектеп қабырғасында мұғалімдердің ақылы репетиторлық қызмет көрсетуі дұрыс емес деп есептейміз.



Серік
ЖҰМАБАЕВ



Балалар білімді ақылы орталықтардан іздеп жүр

Қазір оқушылардың басым көпшілігі қосымшаға баратын болды. Ақшасы тасығаннан емес, әрине. Түсініксіз, неге оқушылар мектептен толық білім ала алмайды? Қазір Қазақстанда білім тегін деп айтуға ауыз бармайтын болды. Мұғалімдердің айлығын қанша көтерсе де, балалар білімді ақылы орталықтардан іздеп жүр.

Жалпы, бизнес деген не? Бір сөзбен айтқанда, бизнес дегеніміз – ақша табу. Демек, мектеп қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет көрсетіліп, мұғалім сол арқылы ақша тауып жатса, ол бизнес жасап жатыр деген сөз. Әңгіме ақшаның мөлшерінде, не кімнің ақша тауып жатқанында емес, әңгіме – мектеп қабырғасында бизнес жасалып жатқанында. Мұны нақты директордың немесе мұғалімнің бизнесі деп айта алмаймыз. Бәлкім, мұғалім мен ата-ана өзара келісіп жасайтын шығар. Егер мұғалім ақылы репетиторлық қызметті мектеп қабырғасынан тыс жерде жасап жүрсе және ол оның кәсіби міндетін атқаруға кедергі келтірмесе, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Ол үшін мектеп директоры жауап та бермейді. Ал енді мұғалімдер мектеп қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет жасап жүрсе, оған ең бірінші жауапты адам – мектеп директоры. Бұл ең алдымен, мектептің, сонан соң мектеп директорының атына сөз келтіреді. Сондықтан мектеп директоры білім ордасының және басшысының атына мін болып жармасатын іске жол бермеуі керек.

Репетитор қызметі қажеттілік пе?

Егер ата-ана «баламның білімін шыңдаймын, репетитор жалдаймын» десе, қазір ондай қызмет көрсететін орталықтар, арнайы мамандар баршылық. Бізде бітіруші сынып оқушылары репетиторлардың көмегіне жүгініп жатады. Бірақ мектеп қабырғасында емес, арнайы орталыққа барады. Ал «ақылы репетиторлық қызмет жасаймын» деген мұғалімдер жазғы демалыс кезінде сондай орталықтарға барып жұмыс істеуіне болады.

Бірақ біздегі репетиторлық орталықтардың жұмысы көңіл көншітпейді. Өйткені, сол орталықтарда білімін шыңдап, жақсы нәтижеге қол жеткізген баланы көре



РЕПЕТИТОР ҚАНША АЛАДЫ?

Жақында бір танысым телефон шалып: «Бастауышта оқитын екі балама репетитор тауып бер», – деп қолқа салды. Жарнамалық газеттердегі хабарламалар бойынша қоңырау шалған ол мұғалімдердің талабы жоғары екендіктерін алға тартты. «Машинаңыз бар ма, алып келіп, апарып тастайсыз ба?», «Гарантия бере алмаймын, бірақ оқытуға болады» деген сықылды сөздер өзіне ұнамағанын айтқан әлгі танысым «өзің жақсы білетін мұғалімнің біреуін келістіріп берші» деп өтінді.

Ғаламторға кіріп хабарландыру бойынша ағылшын тілі мен бастауыш сынып мұғалімдеріне қоңырау шалдым. Арасында «3-4-курсның студентімін» дегендер де кездесті. «Қалаған уақытыңызда балаңызды оқытамыз» дейді олар. Нәтиже болуы үшін кемі үш ай баламен бірге дайындалған дұрыс екен. Дауыстары жағымды, сөздері көңілге қонымды. Тағы бір зейнеткер мұғалім: «Аптасына үш рет оқытамын. Айына 20 мың теңге аламын, бірақ балаңды менің үйіме әкелесің, шырағым», – деп талап қойды. Өзгелері де сол, айына 20–25 мың теңге сұрайды.



● ТҮЙІН:

«Таяқтың екі ұшы болады» дегендей, бұл мәселенің де екі жағы бар. Егер заңдық тұрғыдан қарайтын болсақ, әрине, бұл дұрыс емес. Заңға сәйкес, егер азамат ақылы қызмет көрсететін болса, онда ол кәсіпкер болып табылады. Демек, ол салық органына кәсіпкер ретінде тіркелуі керек, не болмаса сол қызметіне патент алып, мемлекетке тиісті салығын төлеп жұмыс істеуі керек. Ал бұл жұмыстың мерзімдік екенін және табысының да шамалы екенін ескерсек, заңдастыру деген қисынсыз сияқты. Егер мектеп қабырғасындағы репетиторлыққа тыйым салсақ, онда ата-ана өзара келісіп, мұғалім қосымша сабақты үйінде жүргізуі мүмкін. Ал бұл екінші бір заңбұзушылыққа әкеледі. Мұны мектеп басшылары реттей алмайды. Сондықтан мектеп қабырғасындағы ақылы репетиторлық қызметті Үкімет деңгейінде сараптап, қажет болса заңдастыру керек.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдар ӨТЕПОВ,
ата-ана:

ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН ЖЫРЫП ЖҰМСАҒАН ҚАРЖЫ АҚТАЛАДЫ

Жақында ғана көршім қызына ағылшын және орыс тілін үйрету үшін репетитор жалдағанын, ол үшін үш сағатқа 15 мың теңге төлейтінін айтты. Мұғалім аптасына бір рет келеді екен. Әлгі оқытушы өзі мектепте мұғалім көрінеді, сөйте тұра ол әлгі көршімнің қызы секілді бірнеше оқушыны оқытуға алыпты. Одан бөлек, бастауышта оқитын баланың сабағын дайындатуға да болады. Біз секілді жұмысбасты ата-аналарға кешке үйге келгенде баланың сабағын оқыту өте ауыр. Көп ата-ана қиналады.

Жасыратыны жоқ, қазір екі мұғалімнің бірі – репетитор. Бір қарағанда, «қолдан келіп тұрған іс болса неге жасамасқа?» деген ой келеді. Әрі қызметтің бұл түріне сұраныс та жоғары. Сонымен бірге, еңбек өтілінің ұзақ, жоғары білімді болуы да маңызды. Әсіресе, «стаж-ной» мұғалімдердің бағасы қымбаттау көрінеді. Өзімнің де кезінде ұлым 5-сыныпта математикадан қатты қиналды. Қазіргі мектеп бағдарламасы кәдімгідей ауыр. Сол кезде «не істейміз?» деп ойландық. Сосын бір таныстарымыздың кеңесімен өзінің апайына ақы беріп оқыттық. Ол үйге келіп, үш айдай жеке сабақ берді. Нәтижесінде ұлымның сабақ үлгерімі жоғарылады, оқу екпіндісі қатарына қосылды. Отбасылық бюджеттен жырып жұмсаған қаржымыз ақталды.

Талғат ДАСТАНҰЛЫ,
тарих ғылымының магистрі,
аға оқытушы:

БІЛІМ САЛАСЫНА РЕФОРМА КЕРЕК

Бізде репетиторлық орталықтар көп. Соның басымының саны бар, сапасы жоқ. Қазір репетиторлық қызмет «қара базарға» айналды. Бұл саланы мемлекет қадағалауға алмаған соң, жалған репетиторлар мен орталықтар қаптап кетті. Әсіресе, мектеп бітіруші түлектерге қиын болды. Алдымен дайындық жұмыстарына жарнама кезінде арзан баға айтып, неғұрлым ҰБТ уақыты жақындаған сайын өз қызметтерін қымбаттатып жіберетін орталықтар бар. Бұл былайша айтқанда, адамның шарасыз кезін пайдалану болып табылады. Бір түсінбейтінім, егер 11-сыныпта бала ЖОО-ға түсу үшін қосымша репетитор жалдайтын болса, онда оған дейін он жылдағы жинаған білімі, он жыл бойы соған жұмсаған мемлекет қаржысы мен он жыл бойы сол үшін алған ұстаздың айлығы қайда кетті? Неге оқушы мен ата-ана мектептен алған 11 жылдық біліміне сенбей, орта жолдан тестіге дайындау орталығына, не жеке репетиторға сенуге мәжбүр? Демек, білім жүйесі бізде дұрыс емес, білім саласына жаңа реформа керек.



МОНЕТА

Циркуляциялық монеталардың кәдесыйлық блистер жиынтықтары сатуға шығарылатыны туралы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 18 сәуірінде мына монеталардың кәдесыйлық блистер жиынтықтары сатылымға шығарады.

Монеталардың кәдесыйлық блистер жиынтықтарды сату Ұлттық Банктің kazcoins.nationalbank.kz интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

– «Сақтар стилі» кәдесыйлық блистер жиынтығы нибрасс/нейзилбер коспасынан жасалған биколорлы циркуляциялық монеталардың бес түрінен тұрады. Дайындау сапасы – brilliant uncirculated. Номиналы 100 теңгелік, массасы 6,45 грамм, диаметрі 24,5 мм, таралымы – 30 000 дана;

«Сақтар стилі» кәдесый блистер жиынтығының бейнесі



– кәдесыйлық блистер жиынтығы ұлттық валютаның циркуляциялық монеталарының номиналды қатарынан тұрады, таралымы – 50 000 дана.

Циркуляциялық монеталардың кәдесыйлық блистер жиынтығының бейнесі



Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЗАНГЕР» коллекторлық агенттігі» ЖШС сенімді тұлғасы сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды

1. Жылжымайтын мүлікті сату бойынша: тұрғын үй (кадастрлық нөмір 20:315:940:026:1) жалпы ауданы 553,90 ш.м (кепіл шартына сәйкес), жалпы ауданы 562,5 ш.м. (06.03.2018 жылғы жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық сипаттамаларын өзгерту туралы қорытындыға сәйкес, ол (меншік иесі (құқық иесі) туралы мәліметтер) №002165319743 06.02.2019 жылы тіркелген, жер учаскесімен (кадастрлық нөмірі 20:315:940:026) жалпы ауданы 0.1 га, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Оңдасынов көшесі, 173 «А» үй. Ауыртпалықтар бар.

Лоттың бастапқы құны (тұрғын үй): 345 326 683 теңге.
Көтеру қадамы: 17 266 334,2 (5%).
Кепілдік жарнаның теңгедегі мөлшері: 17 266 334,2 теңге (5%).
2. Жылжымалы мүлікті сату бойынша: ойын жабдықтары, балалардың ойын-сауық саябақтарына арналған аттракциондар, 174 (жүз жетпіс төрт) бірлік, мекенжайларда орналасқан:
Кепіл заттарының бастапқы орналасуы:
Алматы қ. (Magic Park, Travel Park), Ақтөбе қ. (Ocean Park), Шымкент қ. (Gothic Park), Астана қ. (Arena Park, Pirate 's Park).
Осы хабарландыру берілген күнге кепіл заттарының орналасуы:
«Mega Park» СОО (Алматы қ., Мақатаев көшесі, 127/1), «MegaSilkWay» СОО (Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 62), «KeruenCity» СОО (Ақтөбе қ., М.Мәметова көшесі, 4), қоймалар (Астана қаласы және Алматы облысы, Қарасай ауданы, Кемертоған ауылы).
Ауыртпалықтар бар.

Лоттың бастапқы құны (ойын жабдықтары, балалардың ойын-сауық саябақтарына арналған аттракциондар): 465 184 666 теңге.
Көтеру қадамы: 23 259 233,3 (5%).
Кепілдік жарнаның теңгедегі мөлшері: 23 259 233,3 теңге

Сауда-саттыққа қатысу үшін:
1. Кепілдік жарнаны төлеу және төлемнің құжаттарын ұсыну, немесе лоттың бастапқы бағасы сомасына ашық кредиттік желінің болуы туралы банктен анықтама ұсыну. Несие желісі Сауда-саттық өтетін күнге дейін – 2023 жылғы 3 мамырға дейін ашық болуы тиіс.
2. Құжаттарды ұсына отырып, сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру.
3. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімді берудің соңғы мерзімі 2023 жылғы 3 мамырда сағат 10.00-ге дейін.

Кепілдік жарнаның бар екендігін растайтын құжаттар болмаған немесе лоттың бастапқы бағасы сомасына ашық кредиттік желі ашылмаған жағдайда үміткер сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

Кепілдік жарнаны аудару үшін шоттың деректемелері:
БСН 201 240 013 220, ЖСК KZ73821Y02M610000001 «Bank RBK» АҚ, БСК KINCKZKA, банктің БСН 920440001102. Кепілдік жарнаны төлегенге дейін шотты төлеу жөніндегі деректерді өзектендіру үшін сенімді тұлғамен байланысу қажет.

Сауда-саттық нысаны: бағаны көтеру аукционы.
Сауда-саттыққа қатысу: Қоғамдық сауда-саттық.
Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні: 2023 жылғы 3 мамыр, сағат 10.00.
Сауда-саттықтың басталу күні мен уақыты: 2023 жылғы 3 мамыр, сағат 10.00.

Сауда-саттық заты үшін сатып алу бағасы жоғарыда көрсетілген шотқа сауда-саттық өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде толық көлемде төленеді.

Сенімді тұлғаның байланыс ақпараты: Салханов Талғат Дәулетұлы, Алматы қ., «Мамыр-7» шағынауданы, 8/5 үй, 5 кенсе, e-mail: talga.kz@mail.ru, +7 708 375 19 94.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Құрметті аудан тұрғындары!

2023 жылы 25 сәуірде, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 76 мекенжайдағы «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық Мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдерінің және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауын өткізеді.

«Авто Ломбард «Алматы-Кредит» ЖШС, БСН150240012971, клиенттері мен контрагенттеріне өз кеңсесін Алматы қаласы, «Самал-1» ықшамауданындағы (24-үй, 85 тұрғын емес үй-жай), жаңа мекенжайға көшіргені туралы хабарлайды.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерін шығарушы және меншік иесі – «Alataŭ Aqparat» ЖШС мерзімді басылымдарды тарату саласында тәжірибесі бар қызметкерді жұмысқа шақырады.

Жұмыс штаттық кестеге сәйкес, тұрақты жалақы, 5 күндік жұмыс күні және жоғары көрсеткіштер үшін бонустар бар. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataŭ Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«СӘУІР» АМАЛЫ

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

...17 сәуір күні сіркіреп бастаған жаңбырдың соңы қарға айналды. Бүршігін жарып, гүлін ашып тұрған жеміс ағаштары әп-сәтте ақ көрпеге оранғандай күй кешіп, мүлгіп шыға келді. Күннің жылынуын күтіп, бау-бақша егуге дайындық жасап жүрген жұртшылықтың алып-ұшқан көңілін көктем ортасынан ауған кезде орын алған жұтаң көріністің жүдетіп жібергені рас. Бұл – «Отамалының» соңғы тұяқ серпері еді...

Сәуір сөзі арабша «өгіз» деген мағынаны білдіретінін өткен пайымдарымызда айттық. Ал біздің қазекен осы айдың он бесіне туатын көктемгі бұлттың атын да сәуір деп атаған. «Сәуір бұлттың түнеріп» деген ескіден келе жатқан теңеу сөз бұған дәлел.

Сәуірдің «Қойшы», «Құсқанаты» деген жанама аттары бар. Амал кезіндегі әдет-ғұрып: сәуір амалы өтпей сәуірік пішуге болмайды. Ауа райының ерекшелігі: күн жылынып, көк шыққан кезінде аяқастынан ауа райы бұзылып, қарлы боран болуы мүмкін екен.

Қазақ есепшілерінің есебі бойынша, Сәуір амалы осы айдың 20-сына кіреді, яғни бүгіннен басталды. Сәуір туғанда күн күркірейді, бөлек-бөлек «жаз бұлты» шығады.



Қариялар сәуір амалы кіргенде жаз бұлттарын бақылайды. Бұлт төніп, ыдырамаса, сәуірдің бұлтты қалып қойғаны. Онда сәуір амалы ұзаққа созылып, 40 күнге жалғасады. Жаңбыр нөсерлеп жауып, соңы қарға ұласады. «Сәуір болмай, тәуір болмайды» деген мақал осыдан қалған болса керек. Тілімізде сәуір амалы кезінде табиғи құбылыстардың шаруашылыққа пайдалы болатыны туралы басқа да мақал-мәтелдер қалыптасқан: «Сәуір – суымен, мамыр – гүлімен», «Сәуір болмай, сайран болмас, Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – Сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақса, алты күн, жақсылығына

бақпаса, алпыс күн», тағы басқа амалға қатысты тәмсілдер толып жатыр.

Сәуір амалы өтпей, сәуірік (үйірге енді қосылған 3-4 жасар айғыр) пішуге болмайды. Аяқастынан ауа райы бұзылып, қарлы боран болуы мүмкін. Осы жөнінде аңыз былай дейді: бір бай отамалы өткен соң, жаз шықты деп ойлап, қысыраққа бөлінген қырық сәуірігін түгел піштіріп тастайды. Сөйтіп, байтал айғырларын өріске шығарыпты. Аяқастынан дауыл тұрып, қар жауып, күн суытып, байдың жұқа киінген бір мырзасы мен 40 сәуірігі өледі. Ел ішінде осы амал «Қырық сәуірік, бір мырза» деп аталып кетіпті...

Бүгін григорианша сәуірдің 20-сы, мұ-

сылманша рамазан айының соңғы күні – 29-ы. Қазақ есепке сүйенсек, айдың 7-ші жанаңасы. Апта айдың алғашқы онкүндігі мен соңғы аптасына және соңына дәл келіп тұр. Демек, ауаның райында ауытқушылық бар...

Пайымның болжамын синоптиктер жоққа шығарып отырған жоқ, керісінше ұқсас болжамдар айтуда. Метеорологтардың мәліметінше, Алматыда жаңбыр мен дауыл күтілуде. Күндіз термометр бағаны 11–13 градус жылылықты көрсетсе, түнде ауа райы, жылылық 2–4 градусқа дейін төмендейді. Астана мен Шымкентте дауылдық ескерту жарияланып отыр. Екпіні секундына 15–20 метрге дейін жететін қатты жел соғады.

...Жоғарыда айтқанымыздай, Сәуір амалына сенім жоқ...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал:

Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.

Құйын көп болса, қыс аязды болады.

Найзағайлы болса, жаз ыстық, қыс жайлы болады.

Аңызақ ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.

Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық.

Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

БАБАЛАР СӨЗІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

«КЕШІРІМ ЖАСАУ –
КЕҢДІК,
КЕШІРЕ АЛМАУ –
КЕМДІК»

- «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш».
- «Иілген басты қылыш кеспес».
- «Білмегенді кешірмесең, білгеніңнен не пайда?».
- «Жүрек кешірімді, ақыл шешімді болсын».
- «Жасы кіші жасы үлкенге сәлем береді».
- «Қонақ келсе құт келер».
- «Өзіңнен жасы үлкенді көрсен, «менен жасы үлкен болғандықтан, сауапты істері де менен көбірек болар» деп сыйла».
- Өзіңнен жасы кіші адамды көрсен, «менен жасы кіші болғандықтан, маған қарағанда күнәлі істері де аз шығар» деп сыйла».
- Алакөз, арам адамдар бір-бірін ылғи жамандар.
- От жақпа – өзің пісесің, ор қазба – өзің түссесің.
- Ел болатын жігіттер озып жүлде алады, ел болмайтын жігіттер бірін-бірі шалады.
- Жақсы перзент – сүйініш, жаман перзент – күйініш.
- Жақсы перзент есіктегі әкенің басын төрге шығарар, жаман перзент төрдегі әкенің басын есікке шығарар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: WhatsApp).

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Көңілдің кейбір сәттері



Өмір болған соң ақ пен қара, қуаныш пен реніш қатар жүретіні, түн артынан күн шығатыны да заңдылық. Бірақ адамдар арасындағы қарым-қатынаста бәрі жақсы болса деп ойлаймыз. Бір-бірімізге деген ілтипат-құрметіміз арта түссе екен дейміз. Сабыр, төзім, қайырым, мейірім, бауырмалдық тек Ораза айымен шектелмегей деген тілегіміз де жоқ емес.

Айнаның екі жағы болатын секілді, бірақ кеше екі әріптес метроға отырғанымызда, қаздай тізіліп отырған әп-әдемі жастардың бірде-бірі ұшып тұрып орын бермеді. Ораза ғой қазіргі жастардың көбі дедік те қойдық. Дұрыс. Бірақ адамгершілік, қайырым, мейірімді де ұмытпасақ екен. Ораза ұстағаныңыз ешкімге міндет болмауға тиіс. Жалпы, ораза ұстасаңыз да – өзіңіз үшін, ауызашар берсеңіз де – өзіңіз үшін.

ҮЙДЕ

Кеше бір ер әріптесім «маған сыртта, кафе, мейрамханада ауыз ашқаннан гөрі үйде, бала-шағамның жанында ашқан жайлы» деп қалды. Жаны бар сөз. Күні бойы түзде, жұмыста, оның үстіне ашқұрсак жүрген ер адамның кешке шаңырағына, жақындарына, ауызашарға асығып жетіп, өзін де сағына күткен бала-шағасын құшағына қысып, бүгін кімнің не тындырғанын сұрап, істеген істерін қолдап-қоллаштап қойып, маңдайы терлеп-тепшіп ішкені шайының, асының сіңімді бола-ры анық.

Ал екінші бір әріптесім (әйел) ет-жақын туыстарына ауызашар беріп жатып, дастархан жиылар сәтте меймандарына қарата: «Бәріңізге ризамын. Өмір болған соң түрлі жағдайлар болады. Осынау қамшының сабындай қысқа ғұмырда, жанталасқа толы жалған тірлікте әлдебіреуіңізді ренжітіп алған, қатты айтқан сәттерім болса, кешірім сұраймын», – деді. Міне, оразаның да, ауызашардың да бір сүннети осы шығар.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

АВТОБУСТА

Қала сыртына қатынайтын жалғыз автобустың аялдамасында адам күнде көп болады. Тіпті, кейде сыймай қалып, екіншісін, үшіншісін күтіп тұрамыз. Біз күткен автобустың төбесі көрінгеннен орын тисе екен деп бәріміз жапатармағай тар есікке ұмтылғанда, біреуіміздің сөмкеміздің бауы, енді біреуіміздің шапанымыздың

етегі ілініп қалып, не әрі, не бері жылжи алмай кептеліп тұрамыз да қаламыз. Сосын айқай-шу, бір-бірін итеру, нұқып жіберу, балағат сөздер басталып кетеді. Түсінуге болады, жұмыстан қайтар кешкі уақыт, бәрінің жүйкесі сыр беріп, қажып, шаршап тұрады.

Бірақ осы ораза басталғалы біздің автобустың жолаушыларында сабыр пайда болған секілді. Бұрынғыдай алқын-жұлқын ұмтылыс азайғандай, ауыз бекіткені бар, бекітпегені бар, әйтеуір арада бір көзге көрінбес сабыр, шыдам, төзім, қасиетті айға деген құрмет бардай көрінеді маған.

